жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірінғай жіңішкертіп, я бәрін де жуандатып алу керек.

2. Қазақ тілінде жұмсақ «ә» сөздің бас буынынан басқа буындарында болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ «ә» болмайды. Бұл – үндестік заңының салдарымен болған қазақ тілінің айрықша бір қасиеті. Қазақ тілінде, Мәрийә, Кәмйілә сықылды соңғы буынында жұмсақ «ә» бар сөздер де жоқ емес. Бірақ ол сөздер – арабша оқыған молдалардың зорлап кіргізген сөздері. Мұндай сөздің ерсі жері – бұларға жалғау қосып өзгерткенде, бұлар қазақ тілінің сөз жүйесінше өзгере алмайды. «Кәмйілә»-ның өзі жұмсақ болғанмен, мәселен, барыс жалғауы қазақша сөз жүйесінше «кәмйіләге» болмайды, «кәмйілаға» болады. Қазақ тілінің мұндай сөздің бас буынынан басқа жеріне жұмсақ «ә»-ні сыйдырмайтын қасиеті болған соң, бас буыннан басқа буындарында жұмсақ «ә»-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, «ә»-ні өзгертіп, я «е», я жуан «а» қылып алу керек (*әдәбійәт – әдебиет*).

3. Қазақша сөздерде «о», «ұ» дыбыстары бас буындарда ғана болады. Басқа буындарында «о», «ұ» дыбысы бар *бейнетқор, қамқор* сықылды сөздер оның аяғында «-қор» деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып отыр. Тіліміздің ымырасынша «о», «ұ» дыбыстары бас буыннан басқа жерде тұра алмайтын болған соң, бас буыннан басқа буындарында «о», «ұ»-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «о», «ұ»-ларды басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек (*поқров – боқырау*).

4. Қазақша сөздің аяғы «ғ», «г», «д» болып тынбайды, «қ», «к», «т» болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақ, жалғаулар (жіктеулер) қосылып, «қ», «к»-лер («т» емес) екі дауысты дыбыстың арасына түссе (олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса), «ғ», «г» болып өзгереді, бірақ «т» «д» болып өзгермейді, «т» күйінде қалады. «ғ», «г», «д» дыбыстарымен тынған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларын «қ», «к», «т» қылып алу керек. Бұл дыбыстардың алдындағы дыбыстары дауысты дыбыс болғанда, артынан және дауысты дыбыс жалғанса, «қ», «к»-лер «ғ», «г» болып өзгертін болып, «т» өзгермей, сол күйінде қалатын болуы керек.

Ондай сөздің аяғындағы «к», «к»-лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, ол сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақтар жалғанғанда да, «к», «к»-лер өзгермейтін болуы керек, я болмаса сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (*Оренбург – Орынбор*).

5. Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар. Қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбыс алдындағы дауыссыз дыбыстан айрылып (онан кейінгі буынға) шыға алмайды (*қарағай – қар-ағ-ай* болып үзіліп буындала алмайды), *мәс еле* сықылды үзіліп буындалатын сөздер қазақ тілінде болмайды. Және бір сөздің ішінде арасына дауыссыз, я жарты дауысты дыбыс салмай екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтін жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек (*«Мәс ле» – мәселе, «мұ мін» – момын*).

6. Қазақша сөздің екпіні сөздің соңғы буынында болады. Сондықтан соңғы буынынан басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшаландырғанда, екпінін соңғы буынға келтіріп алу керек (*Самара – самар, пуховый – бөкебай*).

7. Қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, қатарынан екі қайта айтылатын дыбыстың біреуін я мүлде жоғалтып жіберу керек те, я болмаса орнына басқа бір дыбыс кіргізіп алу керек (*Мәккә – Меке, Алла – Алда*).

8. Қазақ тілінде өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмасқа керек. Ішінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап, орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек. Жат дыбыстардың әрқайсысына алдын ала қазақ дыбысын арнап көрсетуге болмайды. Ретіне қарай, мәселен, орысша «в» «у», «п», «б» болып өзгеруі мүмкін, «х» дыбысы қазақша кейде «к», кейде «қ» болып өзгеріп, кейде мүлде жоғалып кетуі мүмкін.

9. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертін болуға тиіс. Жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды. Жорнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек.



## Е.Омарұлының пән сөздерге байланысты баяндамасынан кейін айтыс бөлімінде сөйлеген сөзі

**Елдес:** Пән сөзі тақырыпты негізгі жолымыз қандай болуға тиіс екенін мен баяндамамда айтып өттім, оны қайта айтудың қажеті жоқ. Сүйтсе де, Мананға жауап бермей болмайды. Мананның: «*Пән сөздер, қайдан аламыз?*», «*Не түрлі етіп аламыз?*», «*Жат сөзді алғанда кімнен аламыз?*», «*Тіл іздегенде кімнен іздейміз?*», «*Жат сөзді алғанда, қалайша етіп аламыз?*» деп жауап күткен сұраулары дұрысында толып жатқан сұрау емес, сөзді түрліше құрастырып, қайта-қайта айтқан екі-ақ түрлі сұрау. Мұның біреуі «*Не түрлі етіп аламыз?*» бен «*Жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз?*» деген сұрауға жауап болды, оны Мананның өзі айтып өтті. Мананның басқа сұраулары жалпы «*Түрік тілі мен Иаурыпа тілінің қайсысына артық баға беру керек*» деген сұрау. Меніңше баяндамада бұл сұрау да жауапсыз қалған жоқ еді. Пән сөзі тақырыпты негізгі жолымыз – оның қазаққа, жалпы бұқараға түсінікті болуы, қала берді, тіліне жеңіл болып, құлағына ерсі болмауы. Пән сөзін әуелі, пырансоздан дейміз, онан табылмаса немістен дейміз, онан табылмаса, қытайдан дейміз деген сықылды, жер жүзіндегі тілдердің бәрін бағалап, алдын-ала реттеп қою мүмкін емес. Қазақ тілінің заңына келмейтін ноғай сөзі мен қазақ тілінің заңынша өзгертіп, жалғау, жұрнақтар жалғауға келетін, тілге жеңіл, құлаққа жайлы қытай сөзін салыстырып таңдайтын болсақ, меніңше қазақ тілінің заңына келетін қытай сөзін алу керек.

Қазақ тіліне жаңа сөздер кіргізгенде, ең әуелі ол жаңа сөздің қазаққа жат болмау, бұқараның тіліне ауыр болмау, құлағына ерсі болмау жағын қарастыру керек. Бұл шартқа келмеген сөз, түрік сөзі болса да, қытай сөзі болса да, қазақша сөз болуға жарамайды. Біздің бұл Білімпаздар сійезі сықылды сійездің тексерген мәселелері жалпы, негізгі түрде ғана тексерілуге тиіс. Сондықтан баяндама да жалпы түрде жасалды. Қай жұрттың тілі бірінші орында, қайсысынікі екінші орында болуға тиіс екендігі айтылған жоқ.

Сүйтсе де, сійезде «қазақ тілінен табылмаған сөзді әуелі басқа түріктерден іздеу керек» деген жоба көп айтылды. Бұл жоба тақырыпты

менің айтатыным: басқа түріктерден, олардың жазылған кітептерін түсіне алмастай болып, алыстап кету жарамайды, сондықтан басқа түріктерде бар сөзді шеттен іздемеу керек деген жоба қисынды. Бірақ түрік халықтарының бәрінің пән сөзі бір емес. Өзбек, Бұқарлық сықылды елдердің тіліндегі сөздердің көбі парсы сөзі, Азырбайжан, Оспан түріктерінің пән сөздері көбіне Арабтан алынған, ноғай тілінде араб, парсы, орыс сөздері – бәрі де бар. Сондықтан басқа түріктердің сөзі дегенді, түрік халықтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, түрік халықтарының кез келген біреуінде бар сөзді жақын көрудің қисыны болмайды. «Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек» деген жобаны «түрік халықтарының бәріне ортақ сөздерден іздеу керек» деп түсіну керек. «Барлық халықтарға ортақ сөздерді жатырқамау керек» деген дұрыс, бірақ жат сөздерді жалпыға бірдей деп жат түрінде алуға болмайды, қазақ тілінің заңдарына келтіріп, қазақтың өз сөзіне ұсатып алу керек.

Қазақша түбір сөздерге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығару, жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қалайша өзгертіп кіргізу тақырыпты менің жобаларыма қарсы сөйлеуші болған жоқ. Сондықтан ол жобалардың осы Сійез қаулысы есебінде қабылдануын тілеймін.

**Сійез пән сөздері тақырыпты бұлай қаулы қылды:**

1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын. Қазақша сөзден түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс;

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер басқа түрік халықтарынан ізделсін. Басқа түріктер тіліндегі пән сөздер, жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын;

3. Иауропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын. Ондай сөзге мағынасы дәл келетін қазақтың өз сөзі болса, жалпы Иаурыпа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі жалпы халықтың талғауына түсіп, қай қолайлысы алынатын болуы үшін екеуі қатар жазылып отыратын болсын;

4. Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада байналап көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынысын;

5. Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатын орын Қазақша білім кеңесі жалпы қазақ халқы үшін жалғыз болсын. Пән сөздер әуелі Білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған, әр пәннің өзіне дербес кемесіелерде тексерілетін болсын. Кемесіеленің қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің сынына түскеннен кейін Білім кеңесінің қарауына тапсырылып, сонан бекіп шығатын болсын.

6. Қазақша сөздер әліпби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын.

**Бұл қаулыға қосымша есебінде Әлиханның «қағаз бетіне кісінің аты-жөнін жазғанда орысшаға еліктеп, әкесінің атына «оп» [ов – құр.] деп қосып жазу қалсын» деген ұсынсы тексерілді.**

***Елдес:*** Дұрысында кісінің өз атына әкесінің атын қосып айтудың керегі жоқ. Кісінің өз атына әкесінің атын қосып айту, жалғыз қазақ емес, жалпы түрікте жоқ. Қазақ тілінде бірен-саран кісілердің атына, оны аттас кісілерімен қатыстырмау үшін әкесінің атын қосып айтатын орындар да болады. Бірақ ондай да әуелі әкесінің атын айтып, оған «ұлы» деген сөзді қосады да, кісінің өз атын соған жалғап айтады. Ескі әңгімелерде Жәнібек батырды «Қошқарұлы Жәнібек» дейді. Кісінің аты-жөнін жазу реті бізде де жалпы түрікше болу керек. Кісінің өз атын аттас кісімен қатыстырмау үшін ғана болмаса, әкесінің атын жазбай, өз атын ғана жазу керек. Әкесінің атын жазғанда, оны әуелі жазып, оған «ұлы» деген сөзді қосып, өз атын сонан соң жазу керек.

***Бұл мәселені Сііз бұлайша шешті:***

Кісінің аты-жөнін жазғанда, оның өз аты ғана жазылатын болсын. Үкімет орындарының қағазында, кісінің өз атын аттас кісілерінің атымен қатыстырмау үшін, әуелі әкесінің аты жазылып, оған «ұлы» деген сөз қосылып, сонан соң өз аты жазылатын болсын.

**Құдайберген ТҰРСЫН,**

*ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты  
Лингвистика орталығының бас ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының докторы, профессор*

## **ҰЛТТЫҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**

*«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. ...Біздің заманымыз – жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман».*

*Ахмет Байтұрсынұлы*

Кез келген халықтың күнделікті бір-бірімен және өзгелермен қатынас құралы – тіл болып табылады. Халық, ұлт бар жерде – тіл бар. Бұл анық аксиома. Алайда, жылдар сілемінде алыс-жақын елдермен сан-алуан салада қатынас барысында тілге өзге халықтардың сөздерінің кіруі – заңдылық. Себебі алуан салада, саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік болсын тілге тән ұғымның өз саласында орнығуы ұзақ процестен өте келе тұрақты тіркеске айналып, не өзге ұғымға түрлене келіп сіңісуі қалыпты жағдай.

Алайда, мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес ана тіліміздің қоғамдық қызметін жан-жақты жетілдіру – күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі. Осыған байланысты ұлттық тілдегі терминдік жүйенің қоғам алдындағы маңызы бұл саладағы көптеген міндеттерді жаңаша шешуді көздейді. Соның бірі – мемлекеттік тілдің жан-жақты қоғамдық қызметіне жан беретін терминдер табиғатын танумен байланысты. Термин табиғатын түсіндіруді, оның қалыптасуын, дамуын жалпы тілдік жүйеден, сол тілде сөйлеуші ұлт танымына сәйкес қарау көп мәселелердің шешіміне тиімді әсер етпек. Термин саласын зерттеуші С.Исақова: «1920 – 1930 жж. Алаш зиялыларының жасаған терминдерінің өміршендігі – олардың ұғым мен атау арасындағы байланысты терең түсінгенін терминге атау беру үшін зерттеуді ұғымнан бастағандарында жатса керек. Яғни олар лексикология, терминология, концептологияның айналысатын сұрақтарын

жан-жақты зерттеген, содан барып термин жасаумен айналысқан деп айтуға толық негіз бар». Сол шақта қазақ зиялылары тіл саласы ғылымын дамыту, жетілдіру, орнықтыру бағытында табанды еңбек жасады. Олар тілдің ғылыми стилін жетілдіріп, қалыптастырып, терминдерді қазақи ұғымға жақын, түсінікті деңгейге дейін жеткізді.

1910 – 1930 жылдар аралығында «Ұлт реформаторы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы орыс тіліндегі терминдердің ана тілімізге молынан дендеп ену қасиеттерін терең түсіне отырып, оның бай қазақ тілінде бар материалдарын термин жасауда аса көрегенділікпен пайдаланған. Осы кезеңді «қазақ терминологиясы дамуында өшпес із қалдырған», әрі алуан саладан жүздеген терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізіп, ұлт тілінде термин жасаудың өшпес үлгісін көрсеткен аса білімпаз, тамаша тілші-лингвист, ұлттық ғылым тілі мен ұлттық терминология қалыптасуының бастау бұлағында тұрған А.Байтұрсынұлы есімімен мәңгілікке шегелеген орынды. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадірінше жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап, сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» (Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы, 1989. –141-б.) деген, тіл саласының білгір реформаторы, тілдің ұлт ретінде қалыптасып дамуын алыстан аңғарған, дер шағында байқап, түсінген. «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің, әдебиетінің, әдістеме, тарих және этнография, мәдениетке қатысты терминдердің ғылыми жүйесін жасаған ғалым. Қазақтың ғылыми терминологиясының негізін қалаушы ғана емес, ол «терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет пайдаланған ғалым», – дейді профессор А.Салқынбай. А.Байтұрсынұлының термин шығармашылығы туралы белгілі отандық ғалымдар Р.Сыздық, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Жалмахановтар өз еңбектерінде әр жылдарда жан-жақты сөз етті.

А.Байтұрсынұлының термин жасау қағидаттары:

1) Термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу;

2) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу;

3) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек;

4) Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің күні бүгінге дейін күнделікті қолданыстан түспей келе жатқан өміршеңдігі ғасырлар бойына бай, қазыналы, қаймағы бұзылмаған ана тіліміздегі ұғымдарды зерттеп, зерделеп, оларға ұлттық таным тұрғысынан байлам жасағандығы деуге толық негіз бар. Кез келген терминнің өз бойындағы құрылымдық компоненттер табиғилығына ұғымның ішкі мазмұны тірек болғанымен, ол сөздің мазмұн, құрылымымен үндестік таппаған жағдайда, оны зерттеуші анықталатын ұғымның дәлдігі, таңбаланған атаудың ұлттық танымға жақындығы, нақтылығы, мазмұндық негізділігінен іздеген. Терминге ғылыми қисын, ұлттық мүдде талабынан келсек, оның халықтық танымға түсініктілігі, ұғынықтылығы, нанымдылығын ескеру де маңызды. А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының негізгі арқауы алынатын кірме сөздердің – ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болуы және терминнің өн бойында ұлттың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту принципін қатаң ұстанғандығы.

Сол кезеңде А.Байтұрсынұлы бастамасын жалғастырған Х.Досмұхамедұлы «Адамның тән тірлігі» (1927) атты оқу құралында орысша-қазақша атаулар сөздігінде – психология, физиология, медицина, анатомия ғылым салалары үшін терминдік атауларды жүйке жүйесі (нервная система), жүйке түйіні (нервный узел), жүйке тұтқасы (нервный центр), қозғалғыш жүйке (двигательный нерв), қозу (возбуждение), сезім жүйке (чувствительный нерв) т.б. тілімізге орнықтырса, Ж.Аймауытұлы психологиялық атауларды, өсімдіктану атауларын, Е.Омарұлы пішіндеме (геометрия) атауларын, С.Қожанұлы есептану терминдерін, А.Қоңқашпайұлы география атауларын, М.Жұмабаев педагогика саласының терминдерін жасаған.

Ұлттық ұстанымды өз зерттеулерінде басты қағидат етіп ұстанған тұлғалар жасаған терминдер өміршеңдігі күні бүгінге дейін ұрпақ игілігіне қызмет жасап келеді.

Отандық және алыс-жақын шетелдік танымал тіл саласының зерттеушілері мен мамандары «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы» деген пікір тоқтамға табан тіреген. Оған себеп, ұлттың алуан бағыттағы ғылымды тануы, меңгеруі, басқаларға оны түсінікті тілде ұғындыруы да ұзақ процесс. Тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы сантармақты ғылым саласындағы негізгі ұғымдар мен олардың жүйелі байланысын айқындап, халықтық тілдің табиғатын білдіретін ұғымдар жүйесін жүйелеп, осы бағыттағы ғылыми ұғымдар атауларын да өмірге әкелген. Қолданысқа енетін ғылыми ұғымдарға оқырман қабылдауына жақын, түсінікті ат қою зерттеушіден терең, жан жақты білімділікті талап етеді. Атаудың тілге жеңіл, орамды, түсінікті, әуезді болу ерекшеліктерін сақтаумен қатар, оның ұғым мазмұнының ұғынықтылығы, жүйелілігі, мағыналылығы да аса маңызды. Бұл зерттеушіден терең білімдарлық пен табанды ізденісті, халық тілінің мол қазынасының қойнауындағы жәдігерлерді молынан зерделеушілікті талап ететіні ақиқат. Осы бағыттан келгенде А.Байтұрсынұлы ана (қазақ) тілін термин саласында орнықтырудың тамаша үлгісін қалыптастырып, орнықтырған.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. 1914 – 1915 жылдардан 1928 жылға дейін басылып тұрған «Тіл құрал» оқулықтарында күнделікті қолданыстағы зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты терминдер күні бүгінге дейін қолданыста. Ғалым тек осыларды ғана жүйелеп қоймай, тіл білімі саласындағы аса мәнді әрі керекті терминдер жүйесін аса дәлдікпен орнықтырған.

Білімпаз тілші-лингвист А.Байтұрсынұлы заманында қалыптастырған терминдер жүйесі бүгінгі таңда уақыт ағыны, кезең тынысына орай жаңаша ұғым, атаулармен толығып, баюда. Қазақ терминологиясының атасы атанған тұлғаның еңбектерінен аңдау, ауыстыру,

әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бейнелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру сынды әдебиеттану терминдері мен демеу, жалғау, үстеу, шылау секілді тіл білімі терминдері көптеп кездеседі. Терминдер жүйесінің тілімізге орнықты сiңісуінің сыры зерттеушінің осы салаға тілдік лексикология-концептология қабатына зер салғандығынан деп қарау лазым. Танымал тілші ғалым Р.Сыздықова: «...жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі А.Байтұрсынұлы қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айту керек» (Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов//Тіл тағылымы. –Алматы, 1992. -33-б.) деген пікірі де орынды.

Тіл саласының білгірі әдебиеттану терминдерін жасаумен қатар, олардың әрбірінің ғылыми анықтамасын да аса дәлдікпен, түсінікті, ұғынықты берген. Бұл ғылыми ұғымға тән белгілерді нақты көрсетіп, олардың әрбірінің оқырман ұғынуына жеңіл форматта ұғымдар жүйесіндегі өз қалыбын айқындауы. «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады» (Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш// А.Байтұрсынов шығармалары. –Алматы, 1989. –192-б.).

Еліміздегі Заңдық жүйені тілдік ортада орнықтыру бағытында ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты өзінің 30 жылға жуық тарихында норма шығарушылық қызметін ғылыми тұрғыдан ілгерілетуді қамтамасыз еткен жетекші ғылыми мекемелердің біріне айналды. Ғылыми қызметкерлер заң шығармашылық, заңнаманы талдау және құқық қолдану практикасы саласында, заң жобаларын, сондай-ақ тұжырымдамаларын әзірлеуге қатысып, құқық саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулер нәтижелерін заңнаманы жетілдіруде, заң жобалары мәтіндерінің түпнұсқалылығын қамтамасыз ету және олардың баяндалу стилін жетілдіру мақсатында заң мен халықаралық шарт жобаларына, сондай-ақ ҚР қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға



ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік органдарға әдістемелік және сараптамалық көмек көрсету арқылы қолданыстағы заңнаманы талдауға, құқықтық мониторинг жүйесін дамытуға жәрдемдесу ісінде жоғары деңгейде сараптамалық-талдау жұмыстарын жүргізумен айналысып келеді.

Алайда, институттың Лингвистика орталығына күн сайын келіп жатқан саналуан бағыттағы Заңдар мен заңға түзетулер, қосымшалардағы аударма мәтінінде (орыс тілінен) терминдерді біріздендірудің жоқ екендігі ақиқат. Оны тұрақтандыру үшін аса ауқымды жұмыс жүргізу қажет. Осыған орай кез келген саланың терминологиясын жүйелеу, біріздендіру кезек күттірмейтін мәселе. Күні бүгінге дейін көптеген салалардың терминологиясы жинақталып, жүйеленіп біріздендіруге түспеген. «Термин шығармашылығы кезінде жарыса қолданылып жүрген баламалардың біріне тоқталып, оны арнаулы ұғымның атауы ретінде терминологиялық лексикада тұрақтандыру процесін біріздендіру деп түсінетініміз белгілі. Біріздендіру жұмысы, ең алдымен, ұғым мазмұнын дәл бермейтін, терминге қойылатын талаптарға сай келмейтін атаулардан арылып, сәтсіз жасалған баламалар мен терминологияда ретсіздік туғызып, жарыса қолданылып жүрген нұсқаларды сараптан өткізіп, солардың бірін тілде орнықтырудан бастау алуға тиіс». Біріздендіру – ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми және техникалық ұғымдардың сәйкес келуі. Тілдегі сөздерді сөздіктерде бірізді берудің көлбеу (горизонталды) *публицистика* – беренсөз, замансөз, қоғамсөз, көсемсөз және тік (вертикалды) *публицистика* – беренсөздік, замансөздік, қоғамсөздік, көсемсөздік түрлері бар.

Осылардың терминологиялық комиссия бекіткен нұсқасы басылыққа алынып, өзге жарыспалы мағыналарының жазба және сөйлеу (ауызекі) тілде қатар қолданылуы заңдылық.

БАҚ-тағы – радио, телевидение, газет-журнал басылымдарында терминалогиялық комиссия бекіткен, біріздендірілген терминдерді беруде шалағайлықтар көптеп кездеседі. БАҚ-та жиі көзге түсетін – сөздің мағынасына (семасиология) мән бермеу. Тілімізде сөздің тура және ауыспалы мағынасы барлығы белгілі. Ауызекі сөйлеу не жазба

тілде болсын бір ұғымның бірнеше мағына беретіні анық. «Оқулық» ұғымының «балама оқулық», «төлтума оқулық», «төл оқулық» немесе «әдемі» сөзінің «әсем», «ажар», «көрік», «көркем», «көрікті», «сұлу», «кермиық», «мүсін» т.б. ұғымдарда жазылып, айтылуы бүгінде орнықтылыққа айналды. Осылардың ішінен ой мен мағынаны дәл беретінін алу да білімпаздыққа байланысты. Сөз не сөйлем бұзылған не қате, орынсыз айтылып, қолданылған жағдайда ол ұлттың санасының ұлтсыздануына алып келеді. Оған қосымша бүгінде «әлеуметтік желідегі» блогерлер жазбасы мен тілдік қолданысында «тілбұзарлық», «тілді шұбарлау» кең етек жаюда. Бүгінде онлайн аударма тілдің шұбарлануына кеңінен жол ашуда. Оған себеп «гугл аудармашының» тілдік қоры жұтаң, сөздік қоры жоққа тән.

Кеше де, бүгін де өзге тілдерден, әсіресе орыс тілінен кіріккен сөз бен ұғымдардың жазу, сөйлеу тіліміздің заңдылықтарына етене кіріге алмай, аударма, қолданыс аясында қиындық туындатып жатқаны анық. «Сөздің асыл болуы ұнауымен. Сөз көңілге ыспат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігінің, әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады», – деген ғалым түйіні дәл бүгінде де кез келген салада аса мәнділікке айналып отыр. Ғасырлар сілемінде ауызекі дамып, жетілген тілді аса құндылықпен жинақтап, оны тілдің жазба заңдылығына сәйкестендіріп, ана тіліміздің метатілін негіздеп, терминдерін түзеп, тіл саласында көшелі ой білдірген А.Байтұрсынұлының еңбегі түркі халықтарының тұтастай тіл біліміне қосқан өлшеусіз үлесі деуге негіз жеткілікті.

Сәрсенбай ҚҰЛМАНОВ,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Терминология орталығының жетекшісі,  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

## ҚҰҒЫН-СҮРГІН КЕЗЕҢІНЕ ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Құғын-сүргін кезеңіне қатысты терминдерді заңнамадағы қолданысымен, Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) бекіткен нұсқаларымен және салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармаларымен салыстыра келе, шартты түрде төмендегіше жіктеп отырмыз.

1. Құғын-сүргін кезеңінде қолданылмаған, бірақ сол дәуірдегі саяси жағдайды (құбылыстарды, оқиғаларды және т.б.) түсіндіруге, бағалауға және т.б. байланысты Тәуелсіздік алғаннан кейін пайда болған терминдер.

**Репрессия – құғын-сүргін** (лат. *epressio* – «жаншу», «қанау», «езу») (қолданыстағы құрылымды қорғау және сақтап қалу мақсатында мемлекеттік органдар қолданатын жаза, жазалау шарасы) [1; 2; 3].

Сонымен қатар, бұл терминмен сабақтас мынадай тіркесті терминдер пайда болды:

- **Идеологические репрессии** – идеологиялық құғын-сүргін (бәсекелес идеяларды, көзқарастар мен пайымдауларды, сондай-ақ оларды жеткізгіштерді жою мақсатында идеологиялық плюрализмге қарсы бағытталған шаралар кешені);

- **Политические репрессии** – саяси құғын-сүргін (мемлекеттің азаматтарға саяси уәждер бойынша қолданатын мәжбүрлеу шаралары: бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасына кесу, психиатриялық емдеу мекемелеріне мәжбүрлі емдеуге орналастыру, елден қуып шығу және азаматтықтан айыру, халықтың топтарын тұрғылықты жерлерінен көшіріп жіберу, айдауға жіберу, арнаулы елді мекендерге көшіру, бас бостандығы шектелген жағдайда күштеп еңбекке тарту, сондай-ақ соттардың, сот қызметтері жіктелген басқа да органдардың

не атқарушы билік органдарының және лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың немесе олардың әкімшілік өкілеттік жүктелген органдарының шешімдерімен әкімшілік тәртіпте жүзеге асырылатын, таптық, әлеуметтік, ұлттық, діни, басқа да белгілер бойынша мемлекетке немесе саяси құрылымға әлеуметтік қауіпті деп танылған адамдарды басқа да құқықтары мен бостандықтарынан айыру, шектеу);

- «Тихие» репрессии – «жасырын» қуғын-сүргін (кеңестік тоталитарлық режимнің іргелі және басқа да құқықтарды шектеу, қарсыластарды немесе саяси бәсекелестерді жою мақсатындағы, жария емес сипаттағы шаралар кешені (жазалау медицинасы, психиатриясы, кісі өлтірудің жасырын нысандары, өмір сүру құралдарынсыз қалдыру және басқалар).

«Репрессия» терминінің баламасы ретінде заңнамада «қуғын-сүргін» сөзі қолданылса, Комиссия отырысында «қуғын-сүргін» (1990) қос сөзі бекітілген, ал салалық терминологиялық сөздіктерде «қуғын-сүргін» қос сөзімен (әскери, тарих, іс жүргізу, заңтану), «репрессия» (философия), «репрессия», «жаза», «қуғын-сүргін» (тамақ өнеркәсібі) сөздерімен аударылады [4].

**Реабилитация – ақтау** (лат. *rehabilitatio* – «қалпына келтіру») (қылмыстық жауаптылыққа, бас бостандығынан айыруға заңсыз тартылуға, күнәсіз адамдардың сотталуына, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының заңсыз қолданылуына, сондай-ақ болашақта құқықтық қабілетін қайта қалпына келтіруге байланысты айрылған құқықтары мен құқықтық шектеулерін қайтару және оған келтірілген зиянның орнын толтыру).

«Реабилитация» терминінің баламасы ретінде заңнамада саяси термин ретінде «ақтау» сөзі, қаржы, банк, медицина саласының термині ретінде «оңалту» сөзі қолданылса, Комиссия отырысында «оңалту» (2016) сөзі бекітілген, ал салалық терминологиялық сөздіктерде «ақтау» (философия); «ақтау», «оңалту» (заңтану); «ақтау», «ақталу», «оңалту» (әскери); «ақтау», «оңалту», «сауықтыру» (тарих, экономика, іс жүргізу) сөздерімен, «еңбекке жарамды ету» (медицина) сөз тіркесімен аударылады [5].

**Великодержавный шовинизм – ұлыдержавалық шовинизм** (үстем ұлт өкілдері ұлтшылдығының шектен шыққан түрі, көпұлтты

мемлекеттерде басқа халықтарды басып-жаншудан, нәсілшілдіктен көрінеді. Отарлық режимнің қозғаушы күші).

Заңнамада «держава» терминінің баламасы ретінде «держава» сөзі, «шовинизм» терминінің баламасы ретінде «шовинизм» сөзі қолданылса, Комиссия отырысында «держава» (2018) сөзінің баламасы ретінде «держава» сөзі, «шовинизм» сөзінің баламасы ретінде «шовинизм» (2016) сөзі бекітілген, ал салалық терминологиялық сөздіктерде «держава» сөзі «держава» сөзімен, «шовинизм» сөзі «шивинизм» (философия, тарих, мәдениет); «әсіреұлтшылдық» (экология, іс жүргізу) сөздерімен аударылады [6; 7].

**Тоталитарный режим – тоталитарлық режим** (қоғам мен адам өмірінің барлық салаларын мемлекеттің жан-жақты (толық) бақылауына негізделген мемлекеттік билік жүйесі).

«Тоталитарный режим» терминінің баламасы ретінде заңнамада «тоталитарлық режим» сөз тіркесі қолданылса, Комиссия отырысында «тоталитарный» (2019) сөзінің баламасы ретінде «тоталитарлық» сөзі, «режим» сөзінің баламасы ретінде «режим», «режім» сөздері бекітілген, ал салалық терминологиялық сөздіктерде «тоталитаризм» сөзі «тоталитаризм» (заңтану, тарих, философия) сөзімен, «режим» сөзі «режим», «режім» сөздерімен аударылады [8; 9].

2. Қуғын-сүргін кезеңінде сирек қолданыста болған, қазіргі кезде жұртшылыққа етене таныс терминдер.

**Алашская автономия – Алаш автономиясы** (Алаш мұхтарияты) (Алаш автономиясы туралы ғылыми негізделген пікір орнықтамаған. Алаш автономиясының құрылған құрылмағаны туралы тарихшы, алаштанушы ғалымдар пікірі бір арнаға тоғыспай, екіге жарылып отыр. М.Қойгелдиев, С.Шілдебай бастаған ғалымдар: «Алаш автономиясы жарияланбады» десе, Д.Қамзабекұлы, С.Аққұлы, Е.Тілешов сияқты ғалымдар «Алаш автономиясы – Екінші Жалпықазақ съезінде жарияланған мемлекеттік құрылым» деп санайды).

**Алашское движение – Алаш қозғалысы** (XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған «Алаш» партиясы басшылық жасап, идеологиясын жүргізген ұлт-азаттық қозғалыс).

**Дело Алаш – Алаш ісі** (1928 жылдан бастап алаш қозғалысына қатысқандарды, яғни «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметіне мүше болған және оларды жақтағандарды Кеңес үкіметінің жаппай тұтқындап, тергеп, сот үкімімен 1930-1932 жылдардағы түрмелер мен концлагерлерге қамауы).

**Идея Алаша – Алаш идеясы** («Алаш» партиясының өкілдері ұсынған ұлт-азаттық идеясы. Мемлекеттік, ұлттық тәуелсіздікті, тіл, дін, ұлт еркіндігіне қол жеткізу бағытында күрес жүргізу, осы бағыттағы саясатты жүргізу, нақты істерді қолға алу идеясы).

**Партия Алаш – Алаш партиясы** (қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы (1917-1920). 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде саяси партия құру мәселесі қаралып, қазан айында облыстардағы жергілікті ұйымдары құрыла бастады. Қараша айында «Қазақ» газетінде партия бағдарламасы жарияланды).

3. Қуғын-сүргін кезеңінде белсенді қолданылған, мағынасы қазіргі кезде өзгеріске ұшыраған (тарылған, кеңейген, толықтырылған, өзгертілген) терминдер.

**Банда//бандиты – банды//бандиттер** (Кеңес үкіметінің отарлау саясатына қарсы шығып, қолына қару алып елі мен жерін, туған өлкесін, ауылын, әулетін, ағайын-туысқандарын қорғағандарды, азаттығы үшін басқыншыларға қарсы күресушілерді жағымсыз бейнесін тудыру үшін осылай атаған).

**Бандитизм – бандитизм** (өздерінің саяси мақсаттарына жету үшін Кеңес өкіметімен күресудің жолы, формасы. Саяси бандитизм ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңінде орын алды).

«Бандитизм» терминінің қазіргі анықтамасы: «тұрақты түрде әрекет етіп, азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын көздеген қаруланған топ. Бәрінен бұрын бірнеше өзіндік, бірақ ұсақ-түйектері әлі белгісіз қылмыстарды жасау үшін екеуден кем емес адамдардан тұрады. Сот тәжірибесінде, банда белгілі бір уақытқа есептеле отырып, бір адамның еркіне бағындырылып ұйымдастырылған адамдардан тұратын қылмыстық бірлік түрінде анықталады. Жалпы ерік болған кезде, олар біріккен мақсаттарды көздеп, өзара өздерін біртұтас одақ (тұтастық) ретінде сезінетін қатынастарда болады» [10].

**Беженцы – босқындар** (қуғын-сүргінге ұшыраудың, төтенше жағдайлардың себебімен мекендейтін елін тастап қашқан адамдар).

«Босқын» терминінің қазіргі заңнамадағы анықтамасы: «нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам» [11].

**Конфискация – тәркілеу** (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық құқықты бұзғаны үшін санкция ретінде мүліктің барлығын немесе бір бөлігін мемлекет меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алып қою).

**Конфискация байских хозяйств – бай шаруашылықтарын тәркілеу** (1928 жылы тамызда Орталық сайлау комиссиясы мен ҚазССР Халық Комиссарлары Кеңесінің отырысында «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулы қабылданды).

«Тәркілеу» терминінің қазіргі анықтамасы: (лат. Confiscatio – мүлікті қазынаға тәркілеу) – сотталушының меншігіндегі мүлікті мемлекет меншігіне мәжбүрлі түрде өтеусіз алу. Тәркілеу пайдакүнөндік пиғылда қылмыс жасағандарға қосымша жаза ретінде тағайындалады. Жеке тұтынуға арналған және сотталушының асырауындағы адамға қажетті мүлік тәркіленбейді. Қылмыстық атқару заңнамасына сәйкес күнделікті тіршілікке қажетті (киім, азық-түлік және т.б.) дүниелер тәркілеуге жатпайды. Тәркілеу сотталушының жеке меншігіне және ортақ меншіктегі үлесіне бағытталады [12].

4. Қуғын-сүргін кезеңінде белсенді қолданылған, негізінен әртүрлі құжаттарда кездесетін терминдер.

**Агдело** (*агентурно-наблюдательное дело – агентуралық-байқау ісі*) – ПХК-МБСБ желісі бойынша объектіні бақылау барысында жиналған мәлімет [13].

**Агразработка** (*агентурная разработка – агентуралық әзірleme*)

– күдіктілерге бақылау жүргізу, МБСБ-ПХК құпия жазбасында қолданылған термин [13].

**Альбомные справки** (*альбомдық анықтама*) – КСРО ПХК-іне жолданған тергеу материалдарының негізіндегі мәлімет, осы анықтамалар бойынша Мәскеуде айыпталушыға ату жазасын немесе қылмыстық жазалаудың басқа шараларын қолдану туралы шешім шығарылды [14].

**Антисоветчики-одиночки** (*кеңеске жеке қарсы шыққан адамдар*) – нақты ешқандай куәлік бермеген, бірақ тергеуші дайындаған хаттамаға қол қойған жалған екі-үш куәгерлердің куә болуы бойынша айыпталушылар. Іске айыпталушының әлеуметтік шыққан тегі туралы жалған анықтама тігіліп, одан жауап алынған және «іс» «үштіктің» қарауына жіберілген [14].

**Дебаизация** (*байсыздандыру*) – «малшылар билігінің ең жоғары құрылымдарында лауазымдарды иеленген «төрелерді» жою» процесін атау үшін француз тарихшысы Изабель Огайон ұсынған термин [15]. Қазіргі кезде бұл термин кеңес билігінің Қазақстанда байларды тап ретінде жою бойынша жаппай науқаны ретінде түсіндіріледі [16].

**Дом-зака** – Форт-Александровск қамау үйі. Бұл термин Маңғыстау аймағындағы Адай руынан шыққан қазақтардың көтерілісін басу кезінде 1930-жылдардың басында қолданылған [17].

**Институт эмиссаров** (*эмиссарлар институты*) – Мәскеудің қазақ саяси басшылығына сенімсіздік танытуы, Қазақстанды өзі жіберген бірінші хатшылары (республикалық партия комитетінің) арқылы басқаруы. Бұған дәлел С.Пестковскийден (1920) Г.Колбинге дейін (1986) болған тағайындаулар.

**Казахизация** (*қазақтандыру*) – «отырықшыландыру» науқаны кезінде Ф.И. Голощекин енгізген термин; партиялық-кеңестік лауазымдарға жергілікті жердің кадрларын ұсынуға қарсылық ретінде ұлттық зиялы қауымды басып-жаншу үшін қолданылды [18].

**Казахский национализм** (*қазақ ұлтшылдығы*) – «қазақ ұлтымен және Алаш Орда идеологиясымен күрес мәселесіне» бастама болған 1933 жылғы желтоқсандағы Қазақ Өлкелік комиссариатының құжаттарында кездесетін термин [19].



**«Обмолачивать рожь»** (*«қарабидай қызылдау»*) (бастыру, ұнтақтау, дәннің масағын алу және т.б.) – адам денесінің ең сезімтал жерлерінен тәулік бойы ұрып-соғып, азапталушыны кінәсін мойындауға, адамдарға жала жабуға және құжаттарға қол қоюға келісуге мәжбүр ету үшін большевиктік-сталиндік биліктің жазалаушы органдары қолданатын азаптаудың бір түрі).

**«Окраска организации»** (*«ұйым түсі»*) – қамауға алынған адамдар тобын қылмыстық істің белгілі бір түріне жатқызу: тыңшылық, бүлікшілік, зиянкестік, троцкистік, ұлтшылдық және т.б.)

**«Окраски»** (*«түстер»*) – большевиктік-сталиндік билікке қарсы контрреволюциялық, антикеңестік көзқарастар мен қызметтің белгілерін жіктеу және таңбалау үшін қолданылатын арнаулы термин (ұлтшылдық, диверсиялық-зиянды, фашистік-тыңшылық, бай-кулақтық бүліктер, бай-кулақтық залалдар, басмашылық бүліктер, басмашылық діншілдік, тыңшылық, террористік, панисламистік, пантюркистік, шіркеу-сектанттық, правотроцкистік, бандиттік, алашордашылық, эсерлік, меньшевистік, оңшылдық, солшылдық және т.б.

**«Окруженец»** (*«қоршаулы»*) – саяси қуғын-сүргін кезеңінде «қоршаулы» психологиясын қолдану идеологиялық қаруға айналды, мұндай жағдайда адам өзін жаулар, контрреволюционерлер, тыңшылар және диверсанттар қоршап тұрғандай сезінеді де, жалпы күдіктілік психологиялық жағдайы және «жау бейнесі» қалыптасып, адамдар тіпті өз мойнына ең сұмдық айыптауларды алуға дайын болады. Адамдардың санасына оны тек Сталин көсем ғана барлық жаулардан құтқара алады деген идеологиялық постулат сіңірілді.

**«Осведомы»** (*«ақпарат берушілер»*) – саяси қуғын-сүргін кезеңінде РКФСР ІХК жанындағы Мемлекеттік саяси басқарманың (МСБ) құпия ақпарларында «халық жаулары» деп аталатын большевиктік-сталиндік билікке ұнамайтын адамдар жайында құпия хабар жеткізетін «ақпарат берушілерді» қысқаша осылай бүркемеледі.

**«Особоучетник»** (*«айрықша есепші»*) – большевиктік-сталиндік биліктің жазалау органдарының қызметкеріне қатысты қолданылатын термин – запастағы чекист.

5. Қуғын-сүргін кезеңінде белсенді қолданылған, қазіргі кезде

негізінен ғылыми әдебиеттер мен оқулықтарда, көркем әдебиетте, БАҚ-та және т.б. кездесетін терминдер.

**Бай (богач) – бай** – дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік жік өкілі. Жалпыхалықтық ұғым бойынша өте көп мал, дүние жиған адам немесе атадан қалған байлықтың мұрагері. Социалистік қоғамда қанаушы үстем тап өкілі болып саналды).

**Большевизм** (*большевикшілдік*) – 1. В.И. Ленин, кейіннен оның ізбасарлары басқарған, марксистік ілімді тоталитарлық идеология мен тәжірибеге бұрмалаған әсіресолшыл ағым. 2. (*большинство / көпшілік* сөзінен) мемлекеттік саяси және халықтық дамудың мемлекеттегі көпшіліктің тірлігі мен еңбегінен арамтамақ болған азшылықтың пікірі мен мүдделерін мүлдем ескермеуге негізделген ұстанымы.

**Большевикско-сталинский режим** (*большевиктік-сталиндік режим*) – мемлекеттік және қоғамдық өмірді күштеп (революциялық) қайта құрудың радикалды марксистік-лениндік теориясын басшылыққа ала отырып, Ресейдегі Қазан (1917) төңкерісінен кейін халық атынан өзіне шексіз өкілеттіктер алған адамдар тобының күшіне негізделген тоталитарлық типтегі саяси режим.

**Враг народа – халық жауы** (*лат. hostis publicus, hostis populi* – «қоғамның/халықтың жауы», *фр. ennemi du peuple* «халық жауы») – рим құқығының термині; саяси мағынада контрреволюционерді атау үшін Ұлы Француз революциясы кезеңінде қарқынды қолданылды. Кеңес одағында ең алғаш рет В.И. Лениннің «Демократические задачи революционного пролетариата» атты мақаласында қолданылды. Мұнда ол Николайды халықтың «Қанды» жауы деп атады. Кейін бұл термин 1917 жылғы 29 қарашадағы «Об аресте вождей гражданской войны против революции» атты ХКК Декретінде қайталанды. Мұнда кадеттер партиясы халық жауларының партиясы деп аталды. Большевиктік-сталиндік қуғын-сүргін кезеңінде саяси лексикада қолданылып, кеңес билігінің жалған немесе нақты қарсыластарының бәріне қатысты қолданылды [20].

**Высылка** (*көшіріп жіберу*) – 1) шетелдіктерді ұлттық қауіпсіздік мүддесіне орай әкімшілік жолмен елден шығару; 2) сотталған адамды тұрғын орнынан мемлекеттің белгілі бір жерінде тұруға тыйым

салып кетіру; 3) ұнамсыз, сезікті адамдарды ел ішінен қуып шығу; 4) дипломатиялық қызметкерлерді «*persona non grata*» деп жариялап, елден қуып жіберу.

**Голод – ашаршылық** – ұжымдастыру және мүлкін жаппай тәркілеудің нәтижесінде миллиондаған адам құрбандарына әкеліп соққан 1932-1933 жылдары Қазақ КСР-ның бүкіл аумағын қамтыған жаппай ашаршылық.

**Государственный социализм** (*мемлекеттік социализм*) – реформаланған жүйе негіздерінің қалай өзгеретінін болжамай тұрып, мемлекеттің экономика мен қоғамдық қатынастарға белсенді араласуы, өндіріс құралдарын мемлекет меншігіне алуы.

**Коллективизация – ұжымдастыру** – КСРО-да 1928-1937 жылдар аралығында жүргізілген жеке шаруа қожалықтарын ұжымдастыру (колхоздар мен совхоздарға) саясаты.

**Коллективизация принудительная – күштеп ұжымдастыру** – КСРО-да 1928 жыл мен 1937 жыл аралығында жүргізілген жеке-дара шаруа қожалықтарын ұжымдық (колхоздар мен совхоздар) шаруашылықтарға біріктіру саясаты).

**Кулак – кулак** – революцияға дейінгі Ресейде және КСРО-да жалдамалы жұмысшылардың еңбегін пайдаланатын және ауылдық жерлерде өсімқорлықпен айналысатын ауқатты топтар.

**Ликвидация класса** (*тап ретінде жою*) – кеңес өкіметінің ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру барысында меншік иелерін, ауқатты шаруалардың қожалықтарын күшпен жою нәтижесінде байлар мен кулактарды тап ретінде жоюға әкелді.

**Национал-уклонизм** (*ұлттық жалтару*) – ұлттық саясатты дербес жүргізуге ұмтылған, ұлттық мүдделер мен халықтың өзін-өзі билеу құқығын қорғаған одақтас және автономиялық республикалардың партия қызметкерлерінің басшыларын саяси қуғын-сүргінге ұшырату үшін большевиктік-сталиндік билік қолданған термин.

**Национал-фашизм** (*ұлтшыл-фашизм*) – идеологиялық қарсыластарын жою, халықтың алдында елдің ұлттық құқықтары мен мүдделерін жанқиярлықпен қорғаған адамдарды этностық бірегейлік идеяларын қалыптастырды деп айыптай отырып, оларға қатысты саяси

қуғын-сүргінді негіздеу мен ақтау үшін большевиктік-сталиндік режим қолданған термин.

**Откочевка** (*босып көшу*) – қазақ халқының большевиктік ұжымдастыруға жаппай қарсылық көрсетуінің бір түрі және аштықтан аман қалу жолындағы әрекеті.

**Откочевники** (*босып көшушілер*) – ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (сол кезеңдегі мемлекеттік қауіпсіздік органы) мәліметтерінде, босқыншылық жөніндегі партиялық және кеңестік құжаттарда қуғын-сүргін себебінен ел ауғандарды, босып көшкендерді осылай атаған.

**Откочевщики массовые** (*жаппай босып көшушілер*) – ауылдың дәстүрлі құрылымының кеңестік кезеңде бұзылу себебінен билік тарапынан экономикалық, әлеуметтік қысым көргендіктен, туған жерлерін тастап көшкен тұрғындар тобы, тұтас этнос.

**Паназиатизм** – Азия халықтарын бірігуге, интеграциялануға және үстемдік етуге шақырған ұлттық мемлекет қайраткерлері мен ғалымдарына қатысты айыптау және саяси қуғын-сүргінге ұшырату үшін большевиктік-сталиндік билік қолданған термин. Паназиатизм, жапонизм сияқты, белгілі бір деңгейде батыс өркениетін қабылдауға қарсы әсер болды және «батыстану» процестерімен күресте қолданылды.

**Панисламизм** (*көне грек. pan – «бәрі» және араб. الإسلام – «ислам»*) – ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде қалыптасқан діни-саяси идеология, оның негізгі идеясы: 1) әлеуметтік, ұлттық немесе мемлекеттік тиістілігіне қарамастан, дүние жүзі мұсылмандарының рухани бірлігі; 2) оларды жоғары рухани басшының (халифа) билігіне саяси тұрғыда біріктіру.

**Пантюркизм** (*пантүркішілдік*) – мұсылман халықтарын этностық, мәдени және тілдік қауымдастық негізінде саяси шоғырландыруға шақырған қазақ мемлекет қайраткерлері мен ғалымдарына қатысты айыптау және саяси қуғын-сүргінге ұшырату үшін большевиктік-сталиндік билік қолданған термин.

**Раскулачивание** (*қулактардан арылту*) – КСРО-да ауыл шаруашылығын ұжымдастыру барысында 1925 жыл мен 1932 жыл аралы-

ғында большевиктер жүргізген, ауыл шаруашылығындағы капиталистік элементтерді біртіндеп ығыстырып шығару және бай-құлақтарды қанаушы тап ретінде (маркстік терминология бойынша) жою бойынша жүргізілген саяси қуғын-сүргін.

**Советская власть – Кеңес өкіметі** – Ресейдегі Қазан (1917) төңкерісінен кейін пайда болған мемлекеттік басқару формасының белгісі, онда барлық билікті толықтай мемлекет пен қоғамды күштеп (революциялық) қайта құрудың марксистік-лениндік теориясын басшылыққа алатын большевиктік-коммунистік партия жүзеге асырды.

**Спецпереселенцы** (*арнайы қоныс аударушылар*) – 1930 жылдардың басында «кулақтарды жою» түріндегі қуғын-сүргін саясатын жүзеге асырудың нәтижесінде пайда болған және 1950-жылдардың ортасына дейін созылған Сталин дәуірінің арнаулы контингенті. Бұл термин арнаулы органдардың қадағалауымен бұрынғы тұрғылықты жерінен арнайы белгіленген пункттерге (аумақтарға) соттан тыс тәртіппен жіберілген шаруалардың әртүрлі топтарына қатысты үкімет саясатының ерекшеліктерін көрсетеді.

**Спецпоселенцы** (*арнайы қоныстанушылар*) – алыс және тұрғындары аз аудандарға арнайы қоныстануға жіберілген, кулақтардан арылған шаруалар, «кеңеске қарсы элементтер», «шекаралық тазартулардың» құрбандары. Барлық еңбекке қабілетті арнайы қоныс аударушылар қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысуға міндетті болды. Арнайы қоныс аударылғандардың қоныстандыру ауданынан тыс жерлерге кетуге құқығы жоқ еді. Бұл қашу ретінде қарастырылды және қылмыстық жауаптылыққа тартылды.

**Ссылка – жер аударылу** – белгілі бір жерде тұрып жатқан сотталған адамды міндетті түрде қоныс аударушы ретінде қоныстандыра отырып, тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жерінен, әдетте, үкімде көрсетілген мерзімге елдің, мемлекеттің шегіндегі шалғай өңірге, шетке алыстататын қылмыстық жазаның түрі.

**Сталинизм – сталинизм** – 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басындағы ішкі партиялық күрес аяқталғаннан кейін КСРО-да (содан кейін оған тәуелді мемлекеттерде) қалыптасқан және 1956 жылы ақпанда КОКП-ның XX съезіне дейін болған саяси жүйе.

**Этническая чистка** (*этносты тазарту*) – белгілі бір аумақтан басқа этностық тұлғаларды күштеп шығаруға бағытталған саясат, ал «этностық тазарту» этностық топтардың жаппай қоныс аударуынан бастап, жер аударуға және геноцидке дейін әртүрлі нысандарда болуы мүмкін. Этностық тазарту сталиндік репрессияның бір тәсілі ретінде қолданылды.

Қуғын-сүргін кезеңіне қатысты терминдер заңнамадағы қолданысымен, Комиссия бекіткен нұсқаларымен және салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармаларымен салыстырыла келе, шартты түрде төмендегіше жіктелді.

1. Қуғын-сүргін кезеңінде қолданылмаған, бірақ сол дәуірдегі саяси жағдайды (құбылыстарды, оқиғаларды және т.б.) түсіндіруге, бағалауға және т.б. байланысты Тәуелсіздік алғаннан кейін пайда болған терминдер.

2. Қуғын-сүргін кезеңінде сирек қолданыста болған, қазіргі кезде жұртшылыққа етене таныс терминдер.

3. Қуғын-сүргін кезеңіндегі мағынасы қазіргі кезде өзгеріске ұшыраған (тарылған, кеңейген, толықтырылған, өзгертілген) терминдер.

4. Қуғын-сүргін кезеңінде белсенді қолданылған, негізінен әртүрлі құжаттарда кездесетін терминдер.

5. Қуғын-сүргін кезеңінде белсенді қолданылған, қазіргі кезде ғылыми әдебиеттер мен оқулықтарда, көркем әдебиетте, БАҚ-та және т.б. кездесетін терминдер.

### **Пайдаланылған әдебиет**

1. Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі № 2200 Заңы

2. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын Еске алу күнін белгілеу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі № 3443 Жарлығы

3. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 Жарлығы

4. <https://termincom.kz/search/?termin=%D1%80%D0%B5%D0%BF%D1%80%D0%B5%D1%81%D1%81%D0%B8%D1%8F&cid=0>
5. <https://termincom.kz/search/?termin=%D1%80%D0%B5%D0%B0%D0%B1%D0%B8%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F&cid=0#page-3>
6. <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%B4%D0%B5%D1%80%D0%B6%D0%B0%D0%B2%D0%B0&cid=0>
7. <https://termincom.kz/search/?termin=%D1%88%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D0%BD%D0%B8%D0%B7%D0%BC&cid=0>
8. <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%A2%D0%BE%D1%82%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B0%D1%80&cid=0#page-1>
9. <https://termincom.kz/search/?termin=%D1%80%D0%B5%D0%B6%D0%B8%D0%BC&cid=0#page-60>
10. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл.
11. Босқындар туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 216-IV Заңы
12. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998, VIII том.
13. Специальный Государственный Архив КНБ РК. Ф. 6. Оп. 387. Арх. дело 12.
14. Массовые репрессии. М. Том 1.
15. Ohayon I. La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Stalin. Collectivisation et chanement social (1928-1945). – Paris, 2006. (Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 г.г.) / Изабель Огайон; [пер. с фр. А. Т. Ракишева; сост. Б. М. Сужиков).
16. Сужиков Б.М. Казахстанская трагедия в исследовании французского историка Часть I. «Дебаизация» + конфискация = обнищание// Сайт «Qazaqstan Tarihy» - URL: <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/28874/>
17. Специальный Государственный Архив КНБ РК. Ф.9. Оп. 1. Арх. 485. Л. 326.
18. Архив Президента РК. Ф. 141. Оп. 1. Д 484. Л. 50-52.

19. Архив Президента РК. Ф.141. Оп.1. Д. 6552. Л. 111-115.

20. Шишков С. Борьба с «врагами народа». От древнеримских про-  
скрипций до наших дней // Наука и жизнь. – 2019. – № 10. – С. 50–65. URL:  
<https://www.nkj.ru/archive/articles/37034/> (дата доступа – 07.09.2021).



**Серік ЕРҒАЛИ,**  
*лингвист*

## **АУДАРМА – ТІЛДІҢ АЛТЫН КӨПІРІ**

Әрбір тілдің өзге тілдермен араласатын көпірі болады, ол – аударма саласы. Аударма саласы техникалық сипаты жағынан жазбаша және ауызша болып екіге бөлінеді. Ауызша аударманы «ілеспе аударма» деп те, қазақы мағынасында «тілмаш аударма» деп те атауға болады. Сондай-ақ, аударма саласы мазмұнына қарай ғылыми, әдеби, ресми және тұрмыстық деп те жіктеледі. Алайда, қазақ тілінің бүгінгі көпіріне қарап, бұлардың ара-жігін ажырату мүмкін емес.

Тілдің аударма саласының ахуалын қарастырғанда, оның қазақ тілін өзге тілдермен қатынастыру қабілеті қандай деген мәселеге амалсыз тірелеміз. Жалпы, аударма саласының дамуы тілдің өзге тілдермен сандық және сапалық жағынан қарым-қатынастық сипатын білдіретін көрсеткіш (индикатор) болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ тілі әлемдегі қауқарлы ондаған тілдермен тікелей қатынас жасап отырғандығына күмәніміз бар. Себебі Қазақстанның мемлекеттік тілінің өзге тілдермен аудармасы өзінен тікелей емес, орыс тілін делдал етіп, соны бетке ұстап қана күн кешіп отырған жайы барын жасыруға болмайды. Тіпті оның өзі де анда-санда болатын аса сирек құбылысқа айналған.

Қазақ халқының демографиялық араластығы мен лингвистикалық мүмкіндігі барынша аралас-қоралас қытай, түрік, ағылшын, француз, испан, неміс, украин, өзбек, грузин, моңғол, парсы, тағы басқа тілдік орталармен тікелей тұрғыда аудармалық араласу үдерісі көз үйренген жағдайға айналмай отыр. Аталмыш сала тек қана орыс тілінің құзыры арқылы атқарылатын лингвистикалық міндетке айналған. Мұның бір мәселесі, елдегі аталмыш шет тілдерін оқыту қазақ тілінде емес, Ресейдің мемлекеттік тілінде бірыңғай жүргізіліп, сол тілдегі әдістеменің бар билікті қолына алуында болар. Сонымен, әлі күнге қазақ тілінің өзге тілдермен араласы яғни аудармасы білім саласында түпкілікті жолға қойылмай, тіпті қарастырылмай отыр деуге болады. Әсіресе, қазақтілді

орта мектептердің өзінде шет тілдері үшін қатынас тілі орыс тілі болып қалып отыр яғни қазақтілді балалар шет тілін орыс тілі арқылы үйренуге мәжбүр. Тәуелсіз қазақтілді әдістеме де көзге түспейді.

Түрлі еларалық форумдардың жұмысы елдегі онға тарта телеарнаның ішінде тек қана «Қазақстан» арнасында қазақшаланады да, басқасында теріскей елдің тіліне қотарылатыны жасырын емес. Өйткені аудармашылар мен тілмаштар мұндай жұмысқа жылына бір-екі рет қана тартылатындығы жасырын емес. Сол себепті оларда дағды мен білік қалыптаспай отыр. Қысқасы, қазақ тілінің аударма саласы бейнелеп айтқанда, көтерем күйде. Сынап айтқанда, өз алдына лингвистикалық сала ретінде мемлекеттік назарда емес. Аудармашылардың ресми, құқықтық мәртебелері айқындалмаған, оларға қажетті керек-жарақ пен мүмкіндіктер жасалмағандығы байқалады.

Қазақ тілмаштары мен аудармашылары үшін қазақ аудармасын дамытарлықтай не қоғамдық, не мемлекеттік немесе коммерциялық негіздегі құрылым жоқ. Қазақстанда таралатын компьютерлер мен басқа да ақылды саймандарда электрондық автоматтанған аудармалық сөздіктер бар дей алмаймыз, бар болса, ол жеке бастама түріндегі, ал мемлекеттік қолдаудағы ондай сайман жоқ және тек қана орыс тілін тәржімалауға арналған, оның өзі де іске жарамсыз. Қажетті тілдік бірлікке балама табу қиынның қиыны.

Аударма саласы енді ғана мемлекеттік мәртебе алып, қарқынды дамуға міндеттелген тіл үшін ерекше маңызы бар бір сала. Оның үстіне, бұрынырақта айтылған кейбір ұлтшылдардың сыңарезу пікірлерінің кесірінен жабылған барлық ілеспе аударма саласын өзегіміз өртенетұрып өкінішпен еске алуға мәжбүрміз.

Айта берсек, аталған сала бойынша мәселе жеткілікті, түйткілді шешуге арналған атқарылған жоба жоққа тән. Енді аударма саласындағы кейбір мәселелерді шешу жолдарын атап өтуге тәуекел етейік:

- Тіл саясаты комитетінің құрамында аударма саласын дамытуға қажетті жобалар мен бағдарламаларды, әрекеттерді үйлестіретіндей бөлім болғаны абзал;
- Қазақ тілінің аударма саласын дамыту жөніндегі арнайы бағдарлама керек;

- Қазақтілді аудармашылар мен тілмаштар бірігіп, өздерінің қауымдастығын құруына мемлекет тарапынан қолдау жасалуы тиіс;
- Аударма саласын дамытуға қомақты қаржы бөлуді – қазақ тілін дамытудың бір тетігі ретінде қарау керек;
- Аударма саласына арналған сан алуан тілдермен қазақ тілін араластыруды қолдайтындай арнайы электрондық портал жасақталуы қажет;
- Қазақ тілінің әлемдік жетекші тілдермен қатынасын толық қамтитындай ғылыми-аудармалық кеңестер құрылып, олар қазақ тілінің сол тілдермен арадағы баламалық сөздігін түзуге кіріскені жөн;
- Қазақтілді аудармашылар мен тілмаштарды сәйкес тілдік ортада дамыту мақсатымен шетелдерге біліктерін арттыру сапарларына жолдамалар қарастырып, оны Мәдениет және спорт министрлігі мен Сыртқы істер министрлігі бірігіп үйлестіруі керек деген тілегіміз бар;
- Барлық ресми мекемелер мен ақпарат беру орындарында ілеспе аударма жүйесі міндетті түрде қолға алынуы керек.

Өткен ғасырдың 90-ыншы жылдары жер-жерде ілеспе аударма сіңісіп, бір де бір жергілікті билік отырысы монотілде өтпейтін, соның арқасында қазақ тіліне ойысу мен білім алу үрдісі пайда бола бастаған-ды. Бірақ әлдекімдердің, бәлкім орыстілділердің ықпалынан болар, «бәрімізге түсінікті тілде сөйлейік» деген жетесіз ұранның жетегінде кеттік те, таз қалпымызға түстік.

Жалпы алғанда, кез келген тілдің шарықтау шегі оның аудармасының дамуынан көрініс табады. Ал, мемлекеттік тілдің ондай дәрмені әзірге аса аянышты жағдайда. Барлық тіл әлемдік және ресми деңгейге тек қана аударма арқылы жетеді. Сондықтан, мемлекеттік тілді дамытудың бастапқы сатысы мен басты бір кепілі ретінде аударма саласына назар аударатын уақыт жетті.

**Абай Маухара,**  
*Жазушы, журналист, аудармашы*

## **ТЕРМИНСӨЗ яки ЖАСАМСӨЗ**

Тіл ғылымынан хабардар адам ғана емес, қатардағы сауатты адамдар да жақсы білетін бір заңдылық бар. Жер бетіндегі дамыған тілдің бәрі көп түрлі жолмен өзінің тілдік қорын байытқан.

Бірінші, іргелес көрші отырған, етене қатынастағы елдің тілінен бір-біріне біртіндеп сөздердің ауысуы. Бұл көбінде сөйлеспелі сөздермен кірігетіндіктен бөтен тілді қабылдаған ел оны өз сөйлеу әуеніне, тілдесу үрдісіне қарай қолдана келе өзінің етене төл сөзіне айналып кеткенін байқамай да қалады. Бұған мыңдаған мысал айта аламыз. Орыстармен аралас-құралас болған кездегі ауысқан сөздерді қазақ оқырманның өз еркіне қалдырайық, өз-өзі таба берсін.

Оқырманға қызық болу үшін сонау екі-үш жүз жыл бұрын қалмақ-моңғолдармен көрші болған кездегі бізге кірігіп кеткен қазір ешкім де оның бөтен сөз екенін білмейтін біраз сөздерді мұнда мысалға келтірейін:

Алматы қаласының Алатау жағында батысқа қарай «Долан» деген жер аты бар: Бұл қалмақша «жеті» деген сөз, сол тұсқа қарасаң, қатар түсіп жатқан жеті сайды байқауға болады. Дәл солай батыс жақта сондай қалмақша атау қалпында қалған жер аттары өте көп: Мәселен, «Мұқыр» – тұйық деген сөз, «Дөрбілжің» – төрт-тарап, «Самсы» – кең-көйлек, «Нарынқол» – тішке-өзен, «Кеген» – кең-жазық, «Сағабүйен» – ақ-құтты, «Сарқант» – сары-жартас, «Қойлық» – ұларлы, «Тарбығатай» – суырлы, «Баянауыл» – байтақ-тау деген секілді атаулар жүздеп саналады.

Ел арасы қанша алыс болса да дін, ғылым-білім дамыған елдер арқылы келетін атау сөздер қай халықтың да тіл қорын молайтқан, тілдік әлеуетін күшейтетін фактор болғаны белгілі.

Мәселен, Тұран, Алтын Орда, Ақ Орда замандарында біздің қазақ тіліне Ислам арқылы және Иран мәдениеті арқылы еніп қазір оның бөтен сөз екенін де байқамай қалған жүз мыңдаған сөздер, атаулар бар. Мысалы, мұғалім «үйретуші» деген тікелей араб сөзі екені анық

болса, бізге мүлде сіңісіп танылмай қалған Құран сөздері болып саналатын «күпия», «жария», «жауап», «жетім» деген сөздер біздің дыбыс үндестігімізге тамаша сәйкескенін дәлелдеп тұр. Ал, біздің төл грамматикамызға аффикс жаңалығын әкелген «бимағұлым», «бейтарап», «бишара», «бейәдеп» атаулары да араб-парсы текті сөздер болса да төл тіркесіміз секілді болып кеткен.

Ал, соңғы ғасырда технологияның дамуына сай пайда болған еуропалық елдер арқылы келген славян текті кірме сөздер де тіл қорымызда жетіп артылады. Бірақ ондай атаулар бізге орыс кириллицасы арқылы таңбаланғандықтан, төл тіл әуенімізге кірікпеген бөтен жат қалпында жалғасып келеді. «Акция», «акрофония», «барисфера», «велосипед», «гидрофизика», «конференция», «контрреволюция», «факультет», «фельтшер», «электротехнология»... (Міне, төл әліпбидің қажеттілігі осыдан келіп шығады).

Сонымен, жасамсөздің яки терминсөздің осындай көптеген бастау-көздері бар екенін түсіндік. Енді әрбір халықтың өзіндік тұрмыс, мәдениет, шаруашылық ерекшелігіне сай қалыптасқан жасамсөздері де көп екенін айта кету қажет.

Мысалы, малшаруашылығы мен көшпенді тірлікке сәйкес біздің қазақ тіліне ғана тән атау сөздер жүз мыңдап саналады. Аз ғана мысал айтайық, сүт тағамдары яки ақ тамаққа тиесілі сөздер: құрт, ірімшік, сүзбе, айран, сарымай, қатық, ежігей, іркіт, қымыз, шұбат... ет тамағына тиесілі: қазы-қарта, жөргем, шұжық, сүрет, жаубүйрек...

Дәл осылайша, қазақ тілінің әрбір саласынан атасақ, пән саласы математика, химия, физика, биология, ботаника, медицина, тіл ғылымы, әдебиет саласы, көркем-өнер саласының өз-өзінің мыңдаған ерекше жасамсөз сөз байлығы бар.

Ал, қазақтың төрт түлік малға байланысты атау сөздері, сын есімдері таңғаларлық бай. Мәселен, ат-жылқының өң-түсінің, жылқыға байланысты сөздердің көптігі, басқа отырықшы халықтың сөз қорынан әлдеқайда көп екендігін көптеген лингвист ғалымдар дәлелдеп те қойған жәйт.

Бізде жаңа технологияға сай сөз табылмайды деген бір уәж үнемі алдымыздан шығады. Бұл да бос сөз, жаңа технология ашып жатқан

ағылшындар да, немістер де, жапондар да, қытайлар да, түріктер де өзінің бұрынғы сөз қорын пайдаланып жаңа атау сөздер жасап алады.

Тіпті, бүкіл жағынан бізге көп ұқсас моңғолдар жаңа технологияны өз сөз қоры арқылы таңданарлық шебер қолданатынына бір мысал айта кетуім оқырманға кішкене қызық болсын.

Қазақтар әлі «болт», «гайк» деп атап жүрген технологиялық атау сөзді олар өз тілінде «шурга» (кіргіш), «эрэг» (кіргізгіш) деп атағаны күлкілі де сүйкімді. Біз де бала кезімізде «болтты» «бұранда» деп атаушы едік қой!

Міне, осы аз ғана мысалды айта отыра, біздің қазақтың өзінің төл қол-өнері темір-ұсталық, киіз үй, ағашшылық, тоқыма, терме, тігінге сәйкес атау сөз қоры мыңдап саналады:

Үскі, егеу, түрпі, көзеу, бақаауыз тістеуік, балықауыз тістеуік, қышқаш, көрік, төс, балға, шекіме, астар, тыс, қауып тігу, жөрмеу, тепшу, сыру, қабу, қаусыру, тиек, ілгі, істік, іскек, сүмбүір, сірі, сілбі, бізкесте, бұрғы, бұранда, тебен, қандауыр, ұстара, ырғы, кепіл, кергіш, тығын, сүзгі, ілгек, ілмек, сыдырғы, сүймен, сүргі, шот, шаппа, шылғи, жұрын, мұрындық, бастырма, қатырма, қыстырма, боқша...

Сонымен қатар, ғалымдар, өнер адамдары, қаламгерлер шығармашылық шабытпен тапқан және ел ішіндегі шешен адамдар айтқан жаңа атау-сөздер де аз емес. Мысалы: балмұздақ, ұшак, тікұшак, ота...

Сөз соңында, жарты ғасыр өмірін қазақ журналистикасына арнаған әріптес ағайым Марат Тоқашбай туралы жазған бір мақаладан үзінді келтіре кетсем, осы жазбамның мәнісі ашыла түсетін сыңайлы.

Ол кісіге «Марат аға, өзіңіз шығарған көптеген жасамсөздеріңізді кітапша етіп шығарып, авторлық құқыңызды алмайсыз ба?» дейтінмін. Сонда, «Иә, соған бір мұрса болмай жүр ғой...» деп, әр сәтінде біраз сөздерді шұбыртып айтып өтетін. Соның есімде қалғанын осы жолы атап өтудің бір сәті түсті:

«Елорда, Әнұран, Елтаңба. Отставка – Доғарыс, Часпик – Нөпіршақ, Балкон – Ернеуік, Цистерна – Шанақ, Сюрприз – Тосынсый, Сувенир – Кәдесый, Боеголовка – Оқтұмсық...»

Олай болса, бодан тілге байлана бермей, мың жылдық бай тарихы бар туған тілімізді осылайша дамыта білсек, басқа дамыған

тілдерден кем қалмай, олармен үзеңгі қағысатынымыз айдан-анық. Ол үшін өз ана тілін сүйетін әр қазақ осы жолда күш-жігерін аяма-сын. Біздің тілді сырттан ешкім келіп те дамытып бермейді және үкіметте отырған шенеуніктердің де міндеті емес. Бүкіл қазақтың мойынындағы парызы.

**Есболат ШАЛҚАР,**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

## **ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ «АЛ» ТҮСІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

Бізді айнала қоршаған табиғи орта өзінің ерекше сұлулығымен, асқан әсемділігімен, ғажайып көркемділігімен, құбылған бояу-нақышымен көзтартатыны шындық. Табиғи ортаның сұлулығымен баурайтын көркі ең алдымен оның алуан түсті реңіне байланысты болады. Арайлап атқан таң, қызарып батқан күн, айдынды шалқар көл, сұлудың күлкісіндей сылдырап аққан бұлақ, ақ бас шың, көк жал жота, бура бұлт, бұйрат құмның бәр-бәрі де бізді айнала қоршаған тамаша табиғат.

Табиғат көркемдігін сүю, сұлулығын сезіну, түрлі түсті ажырата білу жеке адамның өз басына байланысты болғанмен, жалпы қоғам үшін түр-түс жайындағы мәлімет өте қажет. Түр-түс сырына осыншама мән берудің себебі – ең алдымен оның қоғамда, қоғам мүшелері үшін атқаратын қызметіне байланысты. Табиғаттағы түр-түс әлемімен таныс болу, оны қызықтап, эстетикалық ләззат алу бар да, оның тұрмыс-тіршілігімізде атқарар аса қажетті қызметін білу тағы бар. Төрт түлік малын түстеп танитын қазақ үшін жал-құйрығы мен түгінде сәл ғана айырмашылығы бар торы ат пен күрең торыны, құла ат пен құлагерді, кері ат пен қаракерді шатастыру үлкен айып және малшы өмірінде бұл мәселенің маңызы өте зор.

Енді сөзімізге көшетін болсақ, осы түр-түстің бірі, көп айтыла бермейтін, айтылса да шығу тегі мен мағынасына көп үңіле бермеген бір түс ол – *ал*. Қазақта **ал қызыл, ал қара көк** деген секілді тіркесті сөздер бар. Осындағы **ал қызыл** не **ал қара көк** деген сөздің екеуінің қайсысын алып қарасақ та *ал* сөзі өзінен кейінгі түстің бояуын тым қою баран емес, керісінше ашықтау, әуелгі қанық түсті солғындатып көрсетеді. Бұған дәлел Доспамбет жыраудың «Тоғай, тоғай, тоғай су» атты толғауында:

*Зерлі орындық үстінде,*

*Ал шымылдық ішінде ...* – деген тармақтар бар. Осында *ал шымылдық* дегендегі, *ал* сөзі шымылдықтың түсінің ашықтығын білдіріп тұр [1, 27].



Орта ғасыр әдебиетінің көрнекі туындысы, әдеби жәдігердің бірі М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінде ал сөзіне былай деп анықтама берген:

«Ал – қою сары, қызғылт сары түсті асыл жібек мата. Одан хандар байрақ істейді, дәулетті жоғары лауазымды адамдардың аттарына жабу жасайды. Ашық қызыл реңді де “ لال ал - ал(қызыл)” дейді» [2, 117]. Осыған негізделе отырып, біз бұл сөздің о баста түбір сөз болғанын айта аламыз.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде ал сөзін «түстің қанықтығын білдіретін, дербес қолданылмайтын көмекші сөз» – деп түсіндіреді [3, 63]. Қазақ тілінде ал сөзі жеке тұрып қолданылмағынымен, өзге түрік тілдес халықтарда бұл сөз жеке бір түстің атын білдіреді, әрі солай жеке тұрып та айтылады. Мысалы, өзім қанық білетін ұйғыр ұлтында «Һал рәң ( لاله گەر )» деп айтылатын сөз бар, яғни ал түс дейді. Ұйғыр тілінің сөздігінде бұл сөзді «ашық қызыл, қызғылтым, шабдалы шешегінің түсі» – деп түсіндіреді [4]. Куманша-қазақша аударма сөздікте де қазақша ал қызыл деген сөз куманша ал деп тұр [5, 43]. Сондықтан да біздің пайымдауымызша, бұл сөз көмекші сөз емес, о баста дербес қолданылған жеке тұрып мағына бере алатын толық лексикалық мәнді түбір сөз болған.

Ал сөзі «Оғызнама» дастанында да кездесетінін байқаймыз. Шыңжаң қазақ зиялылары арасында осы «Оғызнама» дастанын біршама жүйелі зерттеген жазушы, ақын Омарғазы Айтанұлы. Ол төмендегі кестеде көрсетілгендей дастанды зер сала зерттеп, жеке сөздерді былай салыстырады:

№1-кесте:

«Оғызнамада»	Қазақшада	Ұйғыршада
(زۇقوت) Тоқұз	(توғыз) (زىغوت)	(زۇقوت) Тоққұз
Ал (لال)	«(لىلىق)» (қызыл) Ал	Һал (لاله)
(ىگاشى) Ышагы	(ىنراق-ىشى) Іші-қарны	(ىرغاب-چى) Іч-бағры
(غازۇب) Бұзағ	(بۇزاۋ) Бұзау	(يازوم) Мозай
(ىزۇۋگوک) Көгүзүі	(ىگەرىكوك) Көкірегі	(ىسكوك) Көкси
(راپاج) Жәпар	(رەبەش) Шебер	(رەۋىچ) Чиуәр

(نىۋاس) Сауын	(نىۋىۋس) Сүйін	(كەمەنۋىۋس) Сүйүнмәк
(كۈلۈكۈلۈت) Төлүклүк	(تۈلكۈت-كەلۈت) Түлек- түкті	(كۈلۈكۈت) Түклүк
(نۇزوت) Тозұн	(ۋزۈت) Түзу	(زۈت) Түз

Осы дастан тілінің грамматикасында ортақтық бар. Мысалы, барыс септік жалғаулы сөздер ұйғыр тілі грамматикасына сай болса, жатыс, шығыс септік жалғаулы сөздер қазақ тілі грамматикасына сай жазылған» деп жазады «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде [6, 95].

А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаевтардың төлавторлығымен 1966 жылы Қазақ ССР «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» ал қызыл деген сөздің этимологиясына былай деп талдау жасайды: «бұл сөз *ал* және *қызыл* сөздерден құралған. *Ал* сөзі қазіргі кейбір түркі, және кейбір көне түркі жазуларында ашық қызыл деген мағынада жұмсалады (Малов. Пам. Др. Писм., 356). Парсыша *ал* сөзі «солғын қызыл» мағынасында жұмсалады. Тіліміздегі *алмұрт*, *алқор*, *алма*, *алиша*, *ал күрең*, *ал қара*, деген сөздердің құрамындағы ал компоненті сөз болып отырған ал-мен байланысты болу керек» деген пікірді айтады да, соңынан орыс ғалымы Дмитриевтің еңбегінен алығанын орыстарға түріктерден енген болуы мүмкін деген пікірді мысалға алады. «Н.К. Дмитриев орыс тіліндегі *алый* сөзінің түркі тілдерінен ауысқан сөз екендігін айта келіп, М.Қашқаридан және қыпшақ ескерткіші «Codex cumanicus»-тан (XIV ғ. басы) бастап бұл сөздің көптеген түркі (ұйғыр, шағатай, түрік, қырым татары, татар т.б.) тілдерінде бар екендігін көрсетеді. Орыс тіліне қай жерде, қай кезде енгенін тап басып айту қиын, дегенмен бұл сөз Алтын Орда жерінде болған болу керек, өйткені мұндағы ал-тамға — «ашық қызыл таңба» хан жарлығының бір белгісі болған дейді. Якут тіліндегі *алай* сөзі орыс тілінен қайталап кірген түркі сөзі. (Н.К. Дмитриев. О тюркских элементах русского словаря. — лексикографический сборник, 1958, вып. III, 15-16). Демек, орыс тілінің *алый* сөзінің жоғарыдағы ал сөзімен байланысты болып шығуы ғажап емес» деген тұжырымды айтады Ш.Сарыбаев [7, 34].

*Ал* сөзі тіліміздегі *қызыл*, *қоңыр*, *күрең*, *қара көк*, қатарлы санау-

лы ғана сөздермен тіркесіп келіп сол түстердің ашықтығын білдіретіні белгілі. Сөзіміз тағы да дәйекті болуы үшін академик Ә.Қайдардың еңбегіне шолу жасап көрелік. «**Ал** сөзі де біздің тіліміздегі көне түбірлерге жатады. Ол «ашық қызыл» мағынасында қазақ тілінде көбіне-көп *қызыл, сары, қара, көк* түр-түс атауларымен тіркесе қолданылады» – деп жоғарыдағы мысалдарды келтіреді [8, 37]. Сонымен бірге ғалым бұл сөздің шығу төркіні туралы түрліше пікірлердің бар екенін айтады. «Бұл сөздің төркіні туралы талас көп. Кейбір авторлар «**ал**» сөзі моңғол тіліндегі «гал» («от») сөзімен (мысалы, *гал шара* – «огненно рыжий», *гал бомбо* – «зажигательная бомба») байланысты деп қараса, енді біреулер – түркі тіліндегі *жалын, ялкун, йалун* («плмая», «зарница») сөзінің түбірі жал//ял//һал// (ұйғыр тілінде: *һал тартмақ* – «қызару, қызғылттану») деп қарайды. Сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың (г//ж//й//һ) түсіп қалу заңдарын ескерсек, «ал» сөзінің о бастағы заттық негізі «от», «оттың жалыны» болуы ықтимал» дейді [8, 38]. Моңғолша-қазақша сөздікте гал сөзіне былай түсініктеме берген екен: «гал – от; *гал ноцоох* (от тамызу); *гал улаан* (ал қызыл)» [9, 117].

Ендеше, ғалымның бұл пікірінің жаны бар, мысалға алған ұйғыр тіліндегі *һал тартмақ* деген сөзі қызару, қызғылттану деген мағынаны береді дейді. Өзіміздің тілде осыған ұқсас *албырау* деген сөз бар, «*алма беті албырап*» деген сөз арулардың жүзі қызарып тұрғанын көрсетіп тұр. Ә.Қайдар «Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері» еңбегінде сөздердің о баста бір-ақ буынды болғанын айтады [10, 9]. Соған негізделсек, *албыра* сөзінің де түбірі *ал* екенін көру қиын емес. Ғалымның бұл пікірі тұжырымымызды қуаттай түседі. Сондықтан да біз *албырап* деген сөздің түбірі *ал* деп топшылаймыз. Бұдан тыс тілімізде от, жалынға қатысты тағы *алау, алас, аластау* деген сөздер бар. Осылардың алдында «ж» дыбысы болған дегенді профессор Б.Сағындықұлы да айтады: ««**ж**» дыбысы элизияға ұшырап түсіп қалған, адамдар ежелгі дәуірде ру-руға, тайпа-тайпаға бөлініп өмір сүрген кезде түнгі соғысқа жалау отты пайдаланғаны белгілі» деп пайымдайды [12, 130]. Сондағы «**ж**» дыбысының түсіп қалуы әбден мүмкін.

Ғалым Ә.Қайдар «*ал*» сөзін түркі тілдерінің төл сөзі деп қарауға екі

негіз бар екенін айтады. Біріншісі – «**ал**» сөзінің бүгінгі түркі тілдерінің көбінде жеке-дара күйінде де, күшейткіш элемент күйінде де қолдануы болса, екінші негіз – орыс т.б. славян тілдеріндегі «**алый**» сөзінің түбірі «**ал**»-ды Фасмер, Шипова сынды мамандардың барлығы бір ауыздан түркі тілдерінен енген кірме сөз деп есептейді [8, 38]. Осы екі негізді және жоғарыда мысал еткен М. Қашқаридың еңбегін басшылыққа ала отырып біз де бұл сөзді түркінің төл сөзі деп пайымдаймыз.

Орыс ғалымы Э.В. Севортыанның «Этимологический словарь тюркских языков» еңбегінде орыс тіліндегі алый сөзінің түрік сөзі екенін айтады. Ол: «**алый** – во всех названных источниках кроме Brockelmann, kasg.D., Analyt. In.; красный – тур., аз., гаг., уз., Gabain, Analyt. In., Atbet., Korkut; ярко-красный – ДТС, светло-красный – ДТС, kw; розовый – турк., тур., ног., тат., баш.» деп түрік тілдес халықтарына ортақ сөз екенін келтіреді [11, 125].

Ал филология ғылымының докторы, профессор Б.Сағындықұлы еңбегінде дыбыс сәйкестігі жайлы айтады. Соның ішінде осы **р** ~ **л** сәйкестігі жөнінде былай дейді: «Мына құбылысты да ескермеске болмайды. Бурят-моңғол тілінде **р** ~ **л** сәйкестігі бар. Кейбір сөздерді **л**-мен айтса да, **р**-мен айтса да сөз мағынасына ешқандай нұқсан келмейді. Мысалы, *суурян* – *суулян* (громкий, ясный звук), *аршуур* – *аршуул* (тряпка) деп келеді де түрік тілінде де бар деп мына мысалдарды келтіреді:

«*үлкәр* – *үркер*; *Түлкібас* – *Түркібас*» [12, 93]. Сондай-ақ, А.Салқынбай қатарлы ғалымдар да осы пікірді қуаттайтынын, *ар* сөзінің беретін алты-жеті түрлі мағынасы бар екенін айта келе, **ал** сөзінің де о баста **ар** болуы мүмкін деп болжам айтады. Біздің пайымдауымызша, бұл *ал* сөзі мен *ар* сөзінің екеуі екі басқа мағына береді. Иә, *арнамыс* немесе *арлану*, *ар-ұят* деген сөздердің бәрі «**ар**»-мен тіркесіп келіп тұр. Ұялғаннан, намыстанғаннан беттің қызарытыны шындық, бірақ тура **ар** мен **ал** сөзіндегі **р** дыбысы мен **л** дыбысының сәйкестігі дегенді қатты құптай алмаймыз. Себебі М.Қашқаридің «Түрік тілдер сөздігінде» «**ар**»-ды да, «**ал**»-ды да жеке-жеке түсіндірген. **Ар** сөзіне былай анықтама берген: «*ар* – *қоңыр*, *бурыл*, *күрең*» [2, 115]. Мінекей, осыдан-ақ екеуінің о бастан екі бөлек сөз екені белгілі және осы күнде

де тілімізде орнын ауыстырмай қатар қолданылып келе жатқанының өзі екеуі екі басқа мағыналы сөз екенінің айшықты дәлелі.

Қорыта айтқанда, **ал** сөзінің қазақ тілінде көмекші сөз емес, дербес мағынасы бар толық лексикалық мәнді түбір сөз екендігін, ол қазіргі қазақ тілінде жеке қолданылмағанымен бұрын қолданылғанын, өзге түрік тілдес ұлттарда қазір де қолданылатынын мысалға алып айқындадық. Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде тіркесті сөздердің құрамында ғана кездеседі. Мысалы, екі сөзден құралған тіркесті сөздерде **ал күрең, ал қызыл** болса, үш сөзден құралған тіркесті сөздерде **ал қара көк** болады. Байқап қарасақ, **ал** сөзі тіркестің алдында келіп, бірінші тірек сыңар болуының өзі оның ерекшелігін аңғартады.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. – Алматы: «Жазушы», 2008. 1-том, – 400 бет.
2. М.Қашқари Түрік тілдер сөздігі. 1-том/Аударған А.Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 бет.
3. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 бет.
4. Қазіргі заман ұйғыр тілінің әулеттер сөздігі. <http://www.ewlat.biz/ug>
5. Куманша-қазақша жиілік сөздік. / Құраст.: А.К. Құрышжанов, А.К. Жұбанов, А.Б. Белботаев. – Алматы: «Ғылым», 1978. – 277 бет.
6. Қазіргі қазақ тілі. – Үрімжі: «Шыңжаң халық баспасы», 2010. – 1025 бет.
7. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. (Редколл.: А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев). – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1966. – 240 бет.
8. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Ә.Қайдаров, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбеков. – «Ана тілі», 1992. – 160 бет.
9. Моңғолша-қазақша сөздік. / Құраст.: Б.Базылхан. – Баян-Өлгий. – «Жаңа өмір», 1984, – 885 бет.
10. Ә.Қайдар Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының

ғылыми-теориялық негіздері, – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 256 бет.

11. Этимологический словарь тюркских языков. Э.В. Севортян. – Издательство «Наука», 1974. – 755 с.

12. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері / Б.Сағындықұлы; бас редактор Е.М. Арын; құрастырған жауапты редактор А.Ж. Құдабаев. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. – 262 бет.

Қуат САПАРОВ,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
Физикалық және экономикалық география кафедрасының профессоры,  
география ғылымдарының докторы, ҚР Журналистер одағының мүшесі*

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫН ТЕРМИНДЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Географиялық атауларды жинау және жүйелеу аясында және олардың этимологиясын анықтауда қазақ және орыс тілдерінде жазылған табиғи нысандар мен елді-мекендер атауларының тізбелері бар арнаулы топонимикалық сөздіктер маңызды рөл атқарады. Географиялық атаулардың құрамында географиялық және халықтық географиялық терминдер жиі кездеседі. Қазақстанда топонимика ғылымы ХХ ғасырдың 40-ыншы жылдарының аяғында белсенді түрде дами бастады. Қазақстанда топонимика ғылымының негізін қалаған Ғ.Қ. Қоңқашбаевтың еңбектерін ерекше айтуға болады. Ғалым өзінің еңбектерінде қазақтың халықтық географиялық терминологиясының күрделілігі мен құндылығын атап көрсетті, Қазақстан аумағында сақталып қалған моңғол (қалмақ) топонимикалық элементтерін, сонымен қатар түркітілдік терминологияның заңдылықтарын анықтады, оларды сөздік түрінде құрастырып, этимологиясын көрсетті. Ғ.Қ. Қоңқашбаевтың диссертациялық жұмысы (1948) қазақтың халықтық географиялық терминдеріне арналып жазылған зерттеу жұмысы болды. Ғалымның ғылыми жұмыстары топонимика мен терминология мәселелерін қамтиды. Ғ.Қ. Қоңқашбаев қазақтың халықтық географиялық терминдерін алғаш рет жинақтап, жарыққа шығарды. Ғ.Қ. Қоңқашбаевтың «Словарь казахских географических названий» атты сөздігінде (1963) 2000-нан астам географиялық атаулар мен терминдер жинақталған, орыс әдебиетіне енгізілген жергілікті географиялық терминдер, географиялық атаулардың қазақша атауы және орысша баламасы (эквиваленті), семантикасы жазылған. Э.М.Мурзаев жазады: «Бәрінен бұрын Ғ.Қоңқашбаевтың «Словарь казахских географических названий» атты бағалы сөздігін атап өтуіміз

қажет. Бұл еңбек Қазақстан топонимиясын қалыптастырудағы бір-қатар моңғол, араб, иран тілдік сөздері де енген түрік географиялық лексикасының үлкен жинағы. Автор мүмкіндік болған жерінде осы сөздермен, терминдермен бірігіп жасалған географиялық атауларды талқылап, зерттеген» деп, Ғ.Қоңқашбаевтың зерттеулерін жоғары ғылыми деңгейде екенін атап өтті. Оның зерттеулерінде 600-ден астам халықтық географиялық терминдер қамтылған.

Өткен ғасырдың 80-90-ыншы жылдары бұрынғы КСРО-ның барлық республикаларында ана тілін, мәдениетін, дәстүрлерін жаңарту үрдісі кең етек алды. Бұл үрдіс әртүрлі жағдайлар мен факторларға сәйкес Қазақстанда да байқалды. Өйткені ол кезде қазақ тілі немқұрайлы түрде ғана мемлекеттік деп саналады да, іс жүзінде қарқынды қысымшылыққа ұшырай отырып, тек тұрмыстық тілдің деңгейінде қарастырылды, мемлекеттік және ресми тіл деп саналса да, қолданудан ығыстырылды. Сондықтан тіл саясатының осы бір күрделі мәселелерін шешу үшін ойластырылған және ғылыми негізделген тәсіл керек болды.

Республиканың егемендігі жарияланғаннан кейін пайда болған ірі тарихи, экономикалық және саяси өзгерістерге байланысты елімізде «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» екі рет (1989, 1997жж.) ҚР-ның Заңдары жарық көрді. Солардың негіздерінде Қазақ тілі мемлекеттік тілге айналды. Осыған байланысты қазақ тілінің мәртебесі көтеріліп, оның әрі қарай дамуы үшін заңды негіз жасалды. Осыған байланысты, атап өткеніміздей, аталған іс-шараларды ойдағыдай орындау үшін ғылымның техниканың, мәдениеттің, іс-жүргізудің барлық салалары, оның ішінде география ғылымының және онымен байланысты шектес ғылымдардың барлық салалары бойынша терминдердің қысқаша орысша-қазақша сөздіктерін жасаудың қажеттілігі туындады.

1998 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен 2000 жылғы кезеңге дейінгі қысқа мерзімдік «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Бұл бағдарламада Республика бойынша қазақ терминологиясын жетілдіру тұжырымдамасының жобасын әзірлеу, қазақ терминологиясының компьютерлік қорын құру, білімнің барлық салалары бойынша екі тілдегі қысқаша терминологиялық сөздіктер жасау және оларды басып шығару қажеттілігі атап өтіледі.



2001 жылы ҚР-ның Президенті өзінің кезекті Жарлығымен ұзақ мерзімдік «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010-ыншы жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын» бекітті. Бұл бағдарламада ғылым алдына ғылыми негізде терминдер жасау процестерінің және терминологиялық іс-әрекеттердің негізі болатын қағидаларды реттеу мен жетілдірудің міндеттері қойылды. Мұнда терминдер жасау Үкімет бекіткен арнайы бағдарламалар негізінде жоспармен жүзеге асыратын жүйелі іс-әрекеттің бірыңғай қағидаларына сүйенетін орталықтандырылған, ғылыми негізделген болуы керек екені ерекше аталып өтіледі.

Сондай-ақ сөздіктерді жасау барысында авторлар Президенті мақұлдаған «ҚР-ның Тіл саясатының тұжырымдамасына» сүйенді. Бұл құжатта «тілді орныққан кірме сөздер мен халықаралық терминдерден бас тарту арқылы тіл «тазалығын» қамтамасыз етуді күшейтетін күмәнді ниетке де немқұрайлы қарауға болмайды» деп көрсетіледі.

Мұның бәрі кәдімгі оқулықтар мен оқулық әдістемелік әдебиеттер және анықтамалардан бөлек сапалы, жетілдірілген және стандартталған екі тілдік сөздіктер, оның ішінде әртүрлі кезеңдерде болған барлық өзгерістерді ескеретін географиялық терминдер сөздіктерін жасауды және басып шығаруды талап етеді.

Қазақстанда географиялық терминология жаратылыс ғылымдарының басқа салаларымен салыстырғанда біршама дамыды. Бұған әсіресе Қазақстанның кең байтақ аумағы оның жекелеген бөліктеріндегі миллиондаған топонимдердің пайда болуына белсене қатысқан халық терминдері ерекше әсер етті. География ғылымы бойынша терминологиялық сөздіктерді алғашқы жасаушылар шетел терминдері үшін халық терминдерінің ең бай арсеналынан керекті терминдерді сәтті таңдап алды. Атап айтқанда, 1927 жылы тұңғыш басылып шыққан Н.Қаратышқановтың терминологиялық сөздігінде 50-ден астам географиялық және әлеуметтік-экономикалық терминдерге қазақша баламалар берілді. 1931 жылы жарық көрген «Атаулар сөздігінде» тіпті 400-ден астам әмбебап терминдерге қазақша баламалар берілген.

1959 жылы авторлар тобының 1500-ге жуық әмбебап терминдерге қазақша баламалары бар «Физикалық география терминдерінің

қысқаша орысша-қазақша сөздігі» жарық көрді. Бұл сөздіктерде әмбебап және орысша терминдердің мәні мен мазмұнын дәл беретін, сәтті қазақша баламалары кездеседі. Олар қазақ тілінде басылған, ғылыми жұмыстарға, жоғары оқу орындары мен мектеп оқулықтарына көптеп ендірілді. Әрине, оларда түзетуді қажет ететін таласты да сәттер болды. Қазақстанда 1966 жылы тұңғыш рет Ж.Әубәкіров, С.Әбдірахманов және Қ.Базарбаевтардың 2500 терминді қамтыған «Орысша-қазақша география түсіндірме сөздігі» жарияланды. Онда интернационалдық және орысша терминдерге олардың ғылыми мәнін дұрыс ашатын баламалары алынып, әрбір терминге қазақша толық түсіндірме берілді. Көптеген халықаралық терминдердің бұрын қате қолданылып жүрген қазақша баламалары түзетілді.

Осылардың және республикада басылып шыққан басқа жұмыстардың негізінде толық болмаса да қазақ тілінде үйлесімді географиялық ғылыми терминология қалыптасты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының 4-бабын орындау бойынша «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту туралы» №729 қаулысына сәйкес ҚР ҰҒА-ның География институты терминология бойынша «Мемлекеттік тілде географиялық ғылыми терминдерді жетілдіру мен үйлестіру» (1997-1999 жж.), «Мемлекеттік тілде түсіндірме сөздік жасау жолымен географиялық терминдерді жетілдіру мен үйлестіру» (2000-2002 жж.) және «Қазақстанның табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерін бейнелейтін жергілікті халықтың географиялық терминдерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігін» (2003-2005 жж.) жасауға арналған ғылыми жұмыстарды орындады.

Бұл жұмыстарды орындау шетелдік және қазақша терминдер каталогын әрі қарай жетілдіру, орыс тіліндегі географиялық терминдерді қолданудың қазіргі жай-күйі мен осы тілдегі терминологиялық сөздіктер және анықтамалықты құрастыру тәжірибесін зерттеу, сондай-ақ орысша-қазақша және қазақша-орысша географиялық терминдер сөздігін құрастыруда әлемнің басқа да тілдеріндегі іске асырылған оң тәжірибелерді қолдана отырып жүзеге асырылды.

Осы зерттеулік жұмыстардың негізінде География институты «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік». Геология, геодезия және география» (2000 ж.) және «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. География және геодезия» (2007 ж.) еңбектерін басып шығарды.

Бұған қоса біздің замандастарымыз бен үшінші мыңжылдыққа қадам басқан болашақ ұрпақ үшін қазақ және орыс тілдерінде толық жаңарған соны сөздіктер жасауға көңіл аудару керек болды. Мұндай сөздік «ҚР-дағы тілдер туралы» Зандар мен «Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасының» талабына сәйкес География институты даярлаған «Орысша-қазақша географиялық терминдердің сөздігі» болып табылады.

Сөздік өзінің мазмұнымен де, терминдерді қамту жағынан да басқа сөздіктерден басқаша, баламасы жоқ. Ол география салалары (*геоморфология, метеорология, гидрология, ландшафттану, гляциология, селтану, геоэкология, тоңтану, геодезия, экономикалық-әлеуметтік география және т.б.*) мен қатар өзімен байланысты шектес жаратылыс ғылымдарының да (*геология, топырақтану, ботаника, зоология және т.б.*) терминдері енгізілген 14 мыңнан астам терминдерді қамтиды.

Сөздік қысқа және екі тілді терминологиялық, терминдердің мәні мен мазмұнын толығымен түсіндірмей-ақ классикалық, қазіргі заманғы, әсіресе ертеде басылған сөздіктерге еңбеген жаңа терминдерді көбірек қамтиды. Мұндай сөздік қалың оқырмандардың, әсіресе жас ұрпақтардың (студенттер мен оқушылардың), әсіресе ҚР Президенті мен Үкіметінің Қазақ тілін дамыту туралы маңызды құжаттарын орындау барысында үлкен жұмыстар атқарып жүрген қызметкерлер мен аудармашылардың сұраныстарын қанағаттандырады ғой деген ойдамыз. Сондай-ақ бұл сөздік қоғам өміріндегі әртүрлі салаларда географиялық терминдердің қолдануын біріздендіру мен стандарттауға мүмкіндік береді. Іс жүзінде сөздікті пайдалану кезінде терминдердің көп варианттылығына және басқаша теріс пікірлердің туындауына жол бермеу жағы қаралды.

Бұл сөздікті басып шығарудың қажеттілігі – дүние жүзінің жұртшылығы мойындағандай, географиялық терминдердің масштабы бен

қолдану жиілігі бойынша ғылым мен білімнің басқа салаларымен жиі салыстырғанда алдыңғы орындардың бірінде болуына байланысты.

Осы жұмысты орындау барысында ТМД елдері мен Қазақстанда бұрын басылып шыққан терминологиялық сөздіктер талданылып, олардың тәжірибесі кеңінен қолданылды. Осындай жұмыстардың негізінде География институтында 17-18 мыңдай терминді қамтитын география ғылымының барлық салалары бойынша терминдік база жасалды. Олардың ішінен осы сөздікке 14 мыңнан астамы іріктеліп алынды.

Әрине бұл сөздікке ғылымда жиі қолданылатын негізгі және интернационалдық терминдер, сондай-ақ мемлекеттік тілдегі халықтық географиялық терминдер енгізілді. Бұларға қоса республиканың егемендік алуынан кейінгі кезеңде пайда болған және Республикалық терминология комиссиясы бекіткен жаңа терминдер де енгізілді.

Бірақ айта кету керек, Республикалық терминология комиссиясы ұсынған және бекіткен кейбір әмбебап терминдердің қазақша баламасы географиялық құбылыстар мен үдерістердің мәні мен мазмұнын анық бере алмайды. Сондықтан ондай баламалар, бұрын қалыптасып кең тараған терминдерден кейін, үтір арқылы курсивпен теріліп жұлдызшамен белгіленіп берілді.

Бұрыннан қолданылып жүрген бірсыпыра терминдердің қазақша баламасы қайта қаралып, қазіргі заманның талабына сай түзетілді. Жаңадан енгізілген халықаралық және орыс тіліндегі терминдерге қазақ тілінің бай лексикасынан географиялық құбылыстар мен үдерістердің мәні мен мазмұнын дәл беретін баламалар алынды. Әртүрлі себептерге байланысты, осы күнге дейін қазақ тіліне аударылмай жүрген әмбебап географиялық терминдерге мемлекеттік тілде баламалар ұсынылды. Кейбір терминдердің қазақша баламалары түзетілді. Бұрынғы терминдердің қазақша баламалары қазіргі кезеңдегі қазақ тілінің орфографиялық нормасына сәйкестендірілді.

Осындай жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес сөздікте терминдерінің қайталанбауы, қазақша баламаларының созылыңқы болмауы ескерілді. Сөздікті қолданушы мамандар мен оқырмандарға жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінді. Барлық терминдер қатаң түрде әліпби тәртібімен тіркелді.

Сөздікті құрастырушылар осы еңбекке пікір айтқан Ж.Д.Достай, С.Қ.Құсайынов, Н.Уәлиұлы, А.Фазылжанова, Б.С.Жонкешовке сөздіктің сапасын арттыруға бағытталған ауызша немесе жазбаша орынды ескертулері мен бағалы ұсыныстары үшін ризашылығын білдірді. Олардың достық көмегі шынайы ізденімпаздық негізде болды. Пікір айтушылар сөздіктің кейбір кемшіліктерін көрсетіп қана қоймай, онымен бірге әмбебап терминдердің кейбіріне біршама сәттілеу баламалар ұсынды.

«Орысша-қазақша географиялық терминдердің сөздігі» осындай көлемде елімізде бірінші рет баспадан шығарылып отырғаны белгілі.

2011 жылы «Парасат» ҰҒТҚ АҚ География институтының ғалымдары С.Ә.Әбдірахманов, Қ.Б.Базарбаев, А.Р.Медеудің басшылығымен орысша-қазақша географиялық терминдердің сөздігі (Алматы, 358 бет) жарыққа шықты. Сөздікте географияның барлық салаларында кеңінен қолданылатын 12685 термин мен сөз тіркестері қамтылған.

2000 жылдан бастап ҚР БҒМ География институты «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қор» РМҚК бірігіп, жаңа «ҚР географиялық атауларын орысшадан қазақшаға аудару және қазақшадан орысшаға аудару бойынша нұсқаулыққа» жетекшілік ете отырып, Қазақстан Республикасының барлық аумағын қамтитын, 1:100 000 масштабтағы мемлекеттік топографиялық карталардың 2300 парағы негізінде құрастырылған, География институтының географиялық атаулар каталогының базасында 14 томдық «Қазақстан Республикасы географиялық атауларының мемлекеттік каталогтары» (2004-2013 жж) жарыққа шықты.

Осы кезеңге дейін жүргізілген зерттеулерге шолу жасау негізінде Қазақстан топонимикасында әлі жеткілікті зерттелмеген ғылыми мәселелер туындап отыр. Олардың арасында география ғылымдарының жеке салалары мен топонимиканың бағытын дамыту, аймақтық топонимика, топонимиканың географиялық астарларын негіздеу бағытында зерттеу жүргізу және ғылыми еңбектерді жарыққа шығару қазіргі кезде маңызды болып табылады. Оның айғағы төл мәдениетімізді және тарихи құндылықтарды зерделеу, географиялық атауларды қалпына келтіру мақсатында жүзеге асырылуда.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Конкашбаев Г.К. Словарь казаских географических названий. Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1963. 185 с.
2. Мурзаев Э.М. Местные географические термины и их роль в топонимике. // В. кн. Местные географические термины. Тезисы докладов и совещаний. М., 1996, С. 3-6.
3. Әбдірахманов С.Ә., Базарбаев Қ.Б., Медеу А.Р. Орысша-қазақша географиялық терминдердің сөздігі. Алматы, 2011. – 358б.
4. Аубакиров Ж., Казакбаев Г., Конкашбаев Г., Утемаганбетов М. Краткий русско-казахский словарь терминов физической географии. Алама-Ата, 1959. Том 1.
5. Географический энциклопедический словарь. М., 1988.
6. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикасы. Алматы: Эверо, 2015-352б.
7. Қазақстан Республикасы мемлекеттік географиялық атауларының каталогы. Алматы, 2004-2010, Том 1-14.

**Гүлжан АҚЫЛБЕКОВА,**  
*Заңнама және құқықтық ақпарат институты  
Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының кандидаты,*

## **ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНҚОР ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ЖҮЙЕЛЕУ, РЕТТЕУ, БІРІЗДЕНДІРУГЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

### **Кіріспе**

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін камтамасыз ету мақсатында қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында терминологиялық қорды жүйелеу, реттеу, жетілдіру, біріздендіру және салалық терминологияны дамыту ісіне ерекше назар аударылады. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мәліметі бойынша, мемлекеттік тілдің қолданылу сапасын арттыру және қазақ тілінің салалық және салааралық терминдер жүйесін жетілдіру, біріздендіру мақсатында ғылым мен техниканың түрлі салалары бойынша 270-тен астам терминологиялық сөздік жарық көрсе, тәуелсіздік алғалы мемлекеттік тілде қалыптасқан терминқор – 330000 бірлікті, қазақ тілінде баламасы жоқ шеттілдік терминдер – 33479, ұлттық тіл негізінде игерілген терминдер – 6317, ұлттық тіл ресурстарын пайдаланып, әрі шеттілдік элементтерді сақтап жасалған аралас терминдер – 293 204 бірлікті құрайды екен<sup>1</sup>. Заманауи ғылым мен технологияның өркендеуіне байланысты кез келген тілде пайда болатын жаңа сөздердің 90% астамын арнаулы сөздер құрайды екен. Терминдер арнаулы тілдің семантикалық өзегі болып табылады және негізгі ақпарат мазмұнын беретіндіктен, тіліміздегі ұлттық сипаттағы терминдер мен атауларға деген қажеттілік те аса жоғары болып отыр. Әрбір ширек ғасыр сайын

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/> Қаралған күні: 18.01.2023

жаңа пәндердің ерекше қарқынмен пайда болып, олардың саны орта есеппен алғанда, екі есеге артып отыратынын ескеретін болсақ, әрбір саланың өз терминологиясына деген айрықша қажеттілігін туында-тып, терминологияның стихиялы түрде пайда болуына түрткі болып отырған жайы бар. Осындай «терминологиялық тасқын» сала маман-дары мен терминолог ғалымдардың алдына ұлттық терминология-ның бүкіл массивін реттеу, тілдік тұрғыдан жүйелеу, біріздендіру, стандарттау тәрізді келелі міндеттер қойып отыр. Тіліміздегі жалпы қолданыстағы сөздерден кем түспейтін ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы терминдерді, олардың жасалу, қалыптасу, дамуының теориялық және практикалық жақтары әлі де зерттеп-зерделеуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ терминологиясында практикалық қолданбалы тұрғыдан қоғамдық өмірдің барлық саласына, өндіріске енгізуді қажет ететін терминдер мен атаулардың жасалуы, тілдік нормаға сәйкес келуі, оларды аударма дәлдігі тұрғысынан қарастыру мәселесі туындайды. Ұлттық терминологиялық қорды толықтыру, жетілдіру, терминдер мен атаулардың қолданылу тиімділігін артты-ру мақсатында құрылған «Termincom.kz» бірыңғай республикалық терминологиялық базасына енгізілген ғылым мен білім, техника және экономика, т.б. терминдерді және қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі жаңа атаулар мен сөздерді саралау, жаңа терминдерді ғылыми сараптаудан өткізіп, қолданысқа енгізу жүйелеу, реттеу – қазіргі таңдағы өзекті мәселе. «Termincom.kz» сайтына енгізілген салалық және салааралық терминдер мен номенклатуралық атаулар қоры айтарлықтай қалыптас-тырылды және жинақталды. Бұл терминдердің сала мамандары мен лингвист терминолог мамандар тарапынан саралау және сараптауы-нан өткізіліп, отандық термин түзуді жүйелеу және терминологиялық жұмыстардың мақсатты түрде жүргізілуіне негіз болып отыр.

### **Әдістер мен материалдар**

Қазақ тілін ғылым тілі ретінде жетілдіру, оның қолданылу аясын кеңейту ісінде салалық және салаларалық терминдер ғылыми-практика-лық електен өткізуді қажет етеді. «Termincom.kz» сайтындағы салалық және салааралық терминдердің қалыптастырылуы және оларды жүйе-



леу, реттеу, біріздендіруде сипаттамалы, салыстырмалы-салғастырмалы әдістер және статистикалық әдіс элементтері пайдаланылды. Жұмыс барысында салалық (математика, физика және астрономия, энергетика) және салааралық терминдерді қалыптастыру және стандарттау, терминдерді аудару, термин түзудегі ұстанымдар туралы терминология саласында жарық көрген еңбектер, ғылыми және ғылыми-көпшілік, ғылыми-анықтамалық әдебиеттер мен энциклопедиялық еңбектер, біртiлді және екітілді сөздіктер пайдаланылды.

## Негізгі бөлім

### Нәтижелер мен талқылаулар

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте термин (лат. терминус – шекара, шек) – білімнің немесе қызметтің арнаулы саласы ұғымын білдіретін сөздер немесе сөз тіркестері деген анықтама беріледі. Термин ерекшеліктеріне: 1) жүйелілік; 2) анықтамасының болуы (терминдердің көпшілігі үшін); 3) өзінің терминологиялық өрісі шегіндегі моносемиялылық, яғни осы ғылымның, пәннің немесе ғылыми мектептің терминологиясы тән болу үрдісі (осыған байланысты, математика, физиология және лингвистикадағы «функция» сияқты терминдер салааралық омонимдер деп аталады); 4) экспрессияның болмауы; 5) стилистикалық бейтараптық жатқызылады [1, 327-б.]. Терминнің бұл қасиеттері терминологиялық өрістің ішінде ғана жүзеге асырылады да, одан тыс жерде термин өзінің анықтамалық және жүйелік сипаттамаларын жоғалтады, яғни бейтерминденеді. Бейтерминдену (терминнің жалпы лексикаға ауысуы) және терминдену (жалпықолданыстағы сөздің терминге ауысуы) процестері терминологиялық және терминологиялық емес лексиканың өзара ауысуып отыру процесін көрсетеді. Әдетте метафораға негізделген терминологиямен қатар, термин жасау тәсілдеріне – дайын терминді бір пәннен екінші пәнге толық немесе ішінара қайта түсіндіре отырып ауыстыру – ретерминология: «дифференциал» (математика) – «дифференциал» (лингвистика) жатқызылады. Терминдер басқа тілден де алынуы мүмкін

(бұған калькалау жатқызылады), сонымен қатар, өз тілінің морфемалық қатарынан немесе халықаралық элементтерден де жасалуы мүмкін. Қазақ терминологиясына арналған жұмыстар өткен ғасырдан бастау алып, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта өз дамуының жаңа кезеңіне өтіп отыр. Ұлттық термин жасау және терминологиялық қор қалыптастыруда А.Байтұрсынұлынан бастау алған, ұлттық тіл негізіне бет түзеген ғылыми көзқарасты назарға алған қазақ ұлттық терминологиясының ғылыми қағидаттары анықталып, қазақ терминологиясы дамуының соны бағыттары айқындалды. Қазақ терминологиясын жаңаша бағдарлау, реттеу және ілгері дамытуға байланысты академик Ә.Қайдар ұлттық термин жасау және қалыптастырудың негізгі ғылыми қағидаттарын айқындап нақтылап берсе [2, 1-4-б], Ө.Айтбайұлы заман талабына және мемлекеттік тілдің өскелең сұранысына орай, ұлттық терминдерге қатысты өзінің жеке пайымдауларымен толықтырды [3, 64-б.], ал Ш.Құрманбайұлының ұлттық терминологиялық қор қалыптастыруда қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану және өзге тілдерден термин қабылдауға қатысты өзінің ғылыми ұстанымдарын белгілеп, терминологияның ғылыми-теориялық негізін қалыптастыру Қазақстан Республикасындағы терминологиялық жұмыстарды жүргізуге негіз болатын бірінші міндет екендігіне айрықша назар аударды [4]. Ғылым мен білімнің түрлі салалары бойынша ұлт тілінде терминологиялық қор қалыптасып, терминология тіліміздегі жеке құрылым ретінде ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттелу үстінде. Қазақ ұлттық терминологиялық қорын қалыптастыру, жаңғырту және біріздендіру жұмыстарына отандық және әлемде қалыптасқан терминология саласының ғылыми және практикалық жетістіктері, тәжірибелері мен ғылыми алғышарттары негіз болады десек, еліміздегі терминологиялық жұмыстарды ғылыми тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ ғылыми атауларды ұлт тілінде қалыптастыру мәселесі мамандардың, жалпы қоғам алдына жаңаша міндеттер жүктейді. «Termincom.kz» сайтында ұсынылған мәліметке сәйкес қазақ тіліндегі барлық терминдер мен атаулардың, салалық терминдер мен номенклатуралық атаулардың жалпы қоры – 383534 тілдік бірлікті құрайды екен. Оның

ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының 1971-2020 жылдар аралығында бекіткен терминдер мен атаулар 35680 терминді құрап отыр. Ұлттық терминқорда бекітілген термин сөздермен бірге сөз тіркестері, министрлік құрылымдары мен басқа да республикалық немесе халықаралық ұйымдардың атаулары және қысқарған сөздер де қамтылғаны атап көрсетіледі. Ал бекітілген терминдердің қолданыс жиілігіне қатысты: заман талабына сай тәуелсіздік кезеңіне дейін бекітілген кейбір терминдер 1991 жылдан бастап қайта бекітілгендігін және осы сипаттағы басқа да себептердің әсерінен бүгінгі таңда терминдердің қолданыс жиілігі 85 пайызды құрайтыны атап көрсетіледі<sup>2</sup>. Бүгінде ұлттық терминологиялық қорда математика саласы бойынша барлығы – 9943 термин, физика және астрономия бойынша – 9902 термин, энергетика саласы бойынша барлығы – 8888 термин көрсетілген. Ал бекітілген терминдердің сандық көрсеткіштері: математика – 422, физика және астрономия – 164, энергетика – 177, салааралық терминдер – 162 тілдік бірлікті құрайды<sup>3</sup>. Физика және астрономия терминдері, физика-астрономиялық терминология – физика және астрономия саласындағы арнайы ұғымдар мен өзіне ғана тән объектілерді білдіру үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтық атауы. Термин тілдің жалпы лексикалық жүйесіне белгілі бір терминологиялық жүйе (терминология) арқылы ғана енеді. Кез келген ғылыми саланың терминологиясы белгілі бір ұғымдар жүйесінің көрінісі, белгілі бір ғылыми көзқарас, дүниетанымды көрсететін семиологиялық жүйе болып табылады. Әдетте белгілі бір бір ғылым саласы дамудың жоғары деңгейіне жеткенде ғана, яғни белгілі бір ұғым, тұжырымдама шарықтап дамып, оған ғылыми түсінік немесе ғылыми анықтама берілген кезде ғана терминология пайда болады. Термин ғылыми анықтама беруге сай ма деген мәселенің шешілуімен ғана термин емес бірліктен ажыратылады. Терминді айқындап саралайтын «per genus proximum et differentiam specificam» (жақын тектік – түрлік айырмашылығы арқылы) анықтамасы берілгенде ғана, ол терминологиялық жүйенің бір

<sup>2</sup> Termincom.kz» бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасы. <https://termincom.kz/>. Қаралған күні: 18.01.2023

<sup>3</sup> Termincom.kz» бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасы. <https://termincom.kz/>. Қаралған күні: 18.01.2023

бөлшегіне айналады. Терминолог ғалымдар мен ғылым салаларының өкілдері бір-біріне жақын ғылым салаларының терминжүйелеріндегі терминдердің белгілі бір дәрежеде өзара байланыстылығына да айрықша мән береді. Мамандар тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін міндетті түрде ескере отырып, әрбір терминжүйенің белгілі бір теорияға, концепцияға және көзқарастар жүйесіне байланысты болатындығын да назардан тыс қалдырмайды. Мәселен, классикалық физикада екі үлкен терминжүйе бар екені белгілі: біріншісі – Ньютонның механика теориясына негізделген терминжүйе болса, екіншісі – Эйнштейннің салыстырмалылық теориясына негізделген терминжүйе. Жаңа физикада «масса – денелердің инерциялық және гравитациялық қасиеттерін, олардың жылдамдығы жарық жылдамдығынан әлдеқайда аз болатын жағдайларда анықталатын скалярлық физикалық шама» деп анықталады. Ал күнделікті өмірде және XIX ғасырдағы физикада масса – салмақ ұғымымен ұштас, синонимдес мәнде қолданылады. Аталған терминжүйелерде масса термині әртүрлі мағынада қолданылатынын ескерсек, сөз болып отырған ғылыми ұғымдардың ара-жігін ажыратып, олар жеке ұғымдар ретінде бір-бірінен ерекшелеп көрсетуді қажет етеді. Яғни әрбір ұғымды жеке даралап анықтап беретін арнайы, өзіндік «*per genus proximum et differentiam specificam*» ғылыми дефиницияларды қажет етеді. Терминқордың физика және астрономия салаларындағы «масса – масса» деп жеке-жеке анық көрсетілсе де, ғылыми ұғымдарды бір-бірінен ажыратуға негіз болатын, әрқайсысына тән өзіндік жеке ғылыми анықтамалары көрсетілмеген, яғни терминдік мағынасы мен сипаты нақты айқындалмағанын көруге болады. Осыған байланысты, «Termincom.kz» бірыңғай республикалық терминологиялық базасына енгізілген ғылым мен білім, техника және экономика, т.б. терминдерді анықтап саралаушы – ғылыми дефиницияның болмауының өзі айтарлықтай кемшін тұс саналады. Физикалық шама, атау, формула, өлшем бірліктері жаңалық ашқан ғалымдардың құрметіне Архимед заңы, Архимед саны, Де Бройль толқыны, Евклид геометриясы, Евклид кеңістігі, Ллойд айнасы, Пифагор саны, Эдисон аккумуляторы, Эйлер теңдеулері деп аталады. Өлшем бірлігі адам есімімен байланысты

болғандықтан, жазылу ерекшелігіне де мән берілгені жөн. Мәселен, Кулон – өте үлкен заряд. Электр зарядының өлшем бірлігі ретінде белгілі француз ғалымы Ш.Кулонның құрметіне 1 Кулон деп алынған және оның жазылу практикасы да 1Кл деп қалыптасқандығы белгілі. Ғылым мен техника тілінің қалыптасуы салалық терминологияда жарыспалы сөздер мен атаулар қатарының артуына себеп болып отыр. Физика саласындағы «броундық қозғалыс» тіркесіне тоқталатын болсақ: «броундық қозғалыс – сұйық немесе газ ішіндегі өте ұсақ қалқыма бөлшектердің, өзін қоршаған орта молекулаларымен соқтығысуы нәтижесінде пайда болатын ретсіз, бейберекет қозғалыс» деген анықтама беріледі. Бұл қозғалысты алғаш рет 1827 жылы ағылшын ботанигі Роберт Броун (Браун) ашқан. Ғалымның құрметіне осы физикалық құбылыс «броуновское движение – броундық (ретсіз, бейберекет) қозғалыс» деп аталған. Орта мектептің физика оқулықтарында «броундық қозғалыс» деп қолданылып, жұртшылықтың жадында да осы нұсқа сақталған. Алайда осы термин 2018 жылы «броун қозғалысы» деп қайта бекітілген екен. Физика және астрономия, математика, химия, тарих, су шаруашылығы салаларында «броун қозғалысы» және «броундық қозғалыс», тіптен «ретсіз қозғалыс» деген нұсқалары да жүр. Осыған ұқсас математика саласында және тағы басқа да ғылым салаларында 2012-2015 жылдары «пифагорово число – пифагорлық сан» деп бекітілген. Ал орта мектеп және жоғары оқу орындары оқулықтарында «Пифагор саны» термині қолданылады және жұртшылық санасында да осылайша қалыптасқандықтан, оны өзгертіп, қайталап бекіту қаншалықты дұрыс. Сонымен бірге, математика саласындағы «корень вещественный – нақты түбір», «корень действительный – нақты түбір»; «корень квадратичный – квадраттық теңдеу», «корень квадратный – квадраттық теңдеу» деп түрлі ұғымдар бір ғана терминмен берілген нұсқалары да жүр. Осы тәріздес мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бұл бір ғана арнаулы саланың терминологиялық жүйесін құрайтын әртүрлі ұғымдардың ортақ атаумен көрсетілуі – нақты кемшіліктердің бірі. Соңғы кезде жиі қолданылып жүрген жаңа ұғымдардың бірі – жаңартылатын ресурстар, жаңартылатын энергия көздері (возобновляемые ресурсы, возобновляемые

источники энергии). Бұл жерде «возобновляемые» деген анықтауыш сөздің негізгі мағынасы: қалпына келуге көп уақыт жұмсалмайтын және табиғатқа орасан зор шығын келтірмейтін энергия көздері (жел, күн, су энергиясы және түрлі дақылдардан алынатын (биоэтанол) отын болып табылады). Ғылым мен өндірістің түрлі салаларындағы жаңалықтардан туындаған «возобновляемые источники энергии» ұғымы әртүрлі ғылым салаларында түрліше аударылып, әр қилы аталуына жол берілген. Терминқорда да бірнеше нұсқасы қатар алынып, жаңа ұғымды атауда жарыспалылық туғызып, қабаттаса қолданылу мысалдарынан аңғаруға болады.

Кестеге қараңыз:

	Энергетика	Заңтану	Іс жүргізу және мұрағат ісі	Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет
возобновляемые источники энергии	энергияның жаңғырмалы көздері	жаңартылатын энергия көздері	жаңғыртылған энергия көздері	жаңартылатын энергия көздері

Ұлттық терминқор қалыптастыру барысында салааралық үйлестіру жұмыстары жүргізілмеуіне байланысты бір ғана ұғым әртүрлі ғылым салаларында түрліше аталу жағдайын туындатып отыр. Терминологиялық практика, термин қолдану тәжірибесі «жаңартылатын энергия көздері» нұсқасының ғана терминдік сипатқа көшкендігіне қолданыстағы заңнама практикасы да дәлел бола алады. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында «возобновляемые источники энергии – жаңартылатын энергия көздері» нұсқасы алынған. Қолданыстағы заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар ішінде оған: жаңартылатын энергия көздері – табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері, олар мынадай түрлерді қамтиды: күн сәулесінің энер-

гиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерасты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы; сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: тұтыну қалдықтары, биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын тұтыну қалдықтарынан алынатын өзге де отын деген нақты анықтама берілген<sup>4</sup>. Жалпықолданыстағы сөздер мен терминжасам процесі арасында айырмашылықтардың бар екені даусыз. Терминдер негізгі жасалу жолынан басқа, атаулық мазмұнымен де айрықшаланады. Атаулық мазмұны болмаса, термин толық термин бола алмайды. Бұлардың қайсысы терминденуге лайықты деп тауып, тани білуде әмбебап ереже ұсыну мүмкін емес. Әрбір ғылым саласының терминжасам практикасы нақты жағдайға орай өзіндік жолды нұсқап отыруға тиіс. Аталған нұсқалардың қайсысының семантикалық өрісі қазіргі терминдену процесіне дәл келе алады деген тұрғыдан ғана ажыратуға болады. Әрине, ол үшін терминдік ұғымның ғылыми анықтамасы берілуге тиіс және айрықша лингвистикалық түйсік те қажет. Терминқорда орыс тіліндегі «сооружение» деген сөзді және оған қатысты терминдік тіркестерді аударуға байланысты 164 атау көрсетілген. «Сооружение» сөзі 1971-1981 жылдары 1. ғимарат; 2. құрылыс (құрылыс) деп аударылып, бекітілген екен. Энергетика, механика және машинатану, көлік және қатынас жолдары, сәулет және құрылыс, статистика, стандарттау және зияткерлік меншік, әскери іс, ауыл шаруашылығы, экология, философия және саясаттану салаларында «имарат», «ғимарат», «құрылыс» деген нұсқалары қатар көрсетілген. Энергетика саласында «электр имараты – электропомещение», «отынжеткізу имараты – помещение топливоподачи», «шаң-тозаңды имараттар – помещения пыльные», «кәбілдік имарат – сооружение кабельное», «қалқандық имарат – помещение щитовое», «имараттарды электромагниттік экрандау – электромагнитное экранирование помещений» сияқты терминдер мен терминдік тіркестер кездеседі. Ғимарат – здание деп аударылып, 2016 жылы және 2020 жылдары қайталап бекітілген термин. 2020 жылы «сооружение – құрылыс» деп тағы да қайта бекітуден өткен. 2018 жылы

<sup>4</sup> Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі N 165-IV Заңы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/>. Қаралған күні: 25.01.2023

және 2020 жылы сооружение – құрылысжай болып бірнеше рет бекітілген және қазіргі күні осы нұсқа актив қолданыста жүр. Алайда әрбір ғылым саласы терминологиясының құрылымдық ерекшеліктерін, қай терминжүйеде қолданылатынын және терминологиядағы жүйелілікті сақтай отырып аудару қажеттілігіне де назар аударылға тиіс. Мәселен, «сәулет құрылысы – архитектурное сооружение». Бұл жерде аудару барысында терминнің қолданылу саласын анықтап, сөз мағынасын түсініп, ұғымның мазмұны мен көлемін ажырата білудің де маңызы зор. Терминқорда энергетика саласында бір ғана Э әрпіне қатысты барлығы 463 термин берілсе, оның ішінде 56 термин: электр тұрақтысы – электрическая постоянная, электр кернеуі – электрическое напряжение, электр кедергісі – электрическое сопротивление, электрод – электрод, электрмагниттік толқын – электромагнитная волна, электрмагниттік индукция – электромагнитная индукция, электрон – электрон, электрмагниттік өріс – электромагнитное поле терминдік тіркестері бірнеше дүркін бекітілген. Сонымен бірге, мектеп бағдарламасынан белгілі болған, оқулықтарда жиі қолданылатын әрі қоғам тарапынан да, уақыт сүзгісінен де өтіп әбден қалыптасқан, қолданыста бар, көпшілікке белгілі: электрон, электрод, электр кернеуі, электр кедергісі, экзосфера тәрізді сөздер де қайталап бекітуден өткізілген. Бұл тәжірибе физика және астрономия, математика салаларында да орын алған [5]. Осыған байланысты физика және астрономия, математика, энергетика саласы бойынша бекітілген терминдердің жалпы сандық үлесіне қатысты заңды сұрақ туындайды. Ұлттық терминқорда «электр» сөзімен тіркескен сөздер бірде біріккен сөз ретінде, ал бірде тіркесті сөз ретінде берілген: электрагрегат, электрхимиялық аккумулятор, электрэнергиясына акциз, электрдинамикалық амперметр, электрмагниттік талдау, электртехникалық құрылғы, электртасымалдаудың ілінбе желілері, электрмагниттік ауытқу, электрэнергетика жүйесі, электрқауіпсіздігі бойынша топ, электрстансалар, электрэнергетика жүйесі, электрмагниттік бірлік, электрқұрастыру, электрстатикалық бірлік, электрқұрылғыларды оқшаулау, электрберу желісі, электрқабылдағыштың қоректендіру көзі, электркатализатор, электржабдықтардың кернеу класы, электрқабылдағыш-



тарды санаттау<sup>5</sup>. Тілші мамандар да «электр» сөзімен тіркескен сөздердің орфографиялық сөздікте көбінесе біріккен сөз ретінде беріліп, сөз ортасында 3-4 дауыссыз қатар келуі, қазақ тілі жүйесіне қайшы келетіндігіне назар аударады. Және мұндай қолданыстар анықтаушытық қатынастан ажырай қоймағандықтан бірге жазуға келмейдігіне тоқтала келе, академик Р.Сыздықованың «екі зат есім қатар айтылып, бір ғана затты атап, алдыңғысы соңғысының тегін (неден жасалғанын), неге арналғанын, немен жұмыс істейтінін және өзгелерінен ажыратылатын белгілерін білдірсе, олар бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы: жел диірмен (желмен жұмыс істейтін диірмен), жол азық (жолда жеуге арналған азық), май шам (маймен жанатын шам), шай қасық (шай ішкенде жұмсалатын қасық), сары май (сары түсті май), бет орамал (бет сүртуге арналған орамал), т.б.» деген тұжырымдарын басшылыққа алу керек дейді [5, 32-б.]. Сол сияқты астрономиялық атау «черная дыра» ұғымы физика және астрономия саласында «қара құрдым» деп бөлек жазылса, ал іс жүргізу және мұрағат ісі саласында «қарақұрдым» деп бірге жазылғанын көруге болады. Бұл сияқты мысалдардан терминқорда көрсетілген терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеуді қажет ететіндігін көруге болады. Ғылыми ұғымның, атаудың ғылыми мәнін толық қамти алатын және қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері сақтала отырып жасалған терминдермен қатар, терминдерді түсініксіз етіп жіберетін, тілдік заңдылықтарға қайшы келетін жасанды сөзжасамдық үлгілер арқылы туындаған терминдер мен терминдік тіркестер де жиі кездеседі (мысалы: конечность – ақырлылық, конечномерность – ақырлы өлшемдік, величина конечная – ақырлы шама, граф конечный – ақырлы граф, дробь конечная – ақырлы бөлшек; мгновенность – лездік, значение мгновенное – лездік мән, движение мгновенное – лездік қозғалыс, вектор мгновенной скорости – лездік жылдамдық векторы, напряжение мгновенное – лездік кернеу, электр тогының лездік мәні – мгновенное значение электрического тока; круг часовой – сағаттық дөңгелек, круг шаровой – шарлық дөңгелек, окрестность шаровая – шарлық маңай, точка шаровая – шарлық нүкте, поверхность

<sup>5</sup> Termincom.kz» бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасы. <https://termincom.kz/>. Қаралған күні: 18.01.2023

шарового сегмента – шарлық сегмент беті; нечетноость функции – функцияның тақтығы; т.с.с. Тіліміздегі сөз тудырушы жұрнақтардың терминжасам барысында осы тәріздес орнымен жұмсалмауы салдарынан тілдік нормаға қайшы, үйлесімсіз де түсініксіз сөздер қатарының артуы алаңдатарлық мәселе. Жалпы алғанда, осындай жасанды сөзжасам үлгілері көбейіп кетуінен сақтанудың жолдары қандай? Демек, терминдер уақыт тезінен өтіп, олардың қолданылуына мониторинг жүргізіліп, термин ретінде мәнмәтін жүйесіндегі барлық қызметі мен қолданысын жан-жақты қарастыра отырып, сөйлем ішіндегі түрлену ерекшеліктері қалыптасқаннан кейін ғана қабылдау керек деген қорытынды жасауға болады. Шын мәнінде, ғылыми терминдер терминжасам заңдылықтарына сәйкес жасалуы керек. Яғни белгілі бір жүйе құрамында ұғымдардың бір-біріне байланыстылығын, олардың арасындағы сатылы бағыныңқылықты дәл бейнелей алатын терминологиялық бірліктер болуы тиіс. Негізінен, кейінгі кездері жаңадан пайда болып жатқан ғылым салаларының тілі әлі де қалыптасу үстінде. Жаңа ғылым салаларының терминологиясы тілдегі жасанды лексикалық қабатты құрайды. Ал ерте дамыған ғылым салаларындағы терминжасам ісінің латын, грек, араб тәрізді халықаралық қолданыста болған тілдер негізінде қалыптасқандығы мәлім. Бұл кезеңдегі терминжасамға жартылай жасандылық тән болды. Ұлттық терминологиялық қор қалыптастырудың теориялық және практикалық маңызы зор әрі ол болашақтағы ғылыми зерттеулер жүргізудің маңызды құралына айналмақшы. Тұтастай алғанда, терминжасам мәселесі өте күрделі, қиын сала болғандықтан да, біз бұл шағын мақалада салалық және салааралық терминдердің қалыптасуына және оларды реттеу, біріздендіруге байланысты барлық мәселелерді толық қамтыдық дей алмаймыз. Тек түрлі саланың терминологиялық жүйелерін құрайтын терминдердің жасалуы мен қолданылуы, «Termincom.kz» енгізілген терминдер мен атау сөздердің берілу жолдарына қатысты кейбір проблемаларға тоқталып, салалық және салааралық терминдерді жүйелеу, реттеу, біріздендіруге қатысты мәселелер аз-кем сөз болды.

## Қорытынды

Салалық терминдер қалыптастыру, ең алдымен, сала мамандарының құзыреті, ал лингвист мамандар терминжасам талаптарының, қазақ тілінің төл заңдылықтарының сақталуын басты назарда ұстауға тиіс. Терминологиялық жұмыс терминологиялық жүйелер жасаудан басталады. Әрбір ірі ғылым саласы терминологиясының құрылымдық ерекшеліктері, оны құрайтын тар салалардың өзара тығыз байланысы көрсетіле отырып, терминжүйелер қалыптастырылады. Тіл мамандары мен сала мамандары бірлесе отырып, сала терминологиясын жасауда жиі қолданылатын терминжасам үлгілері мен терминбөлшектерді айқындау мәселелеріне көңіл бөліп, осы негізде терминологиялық қор толықтырылуға тиіс екендігі белгілі.

Ұлттық терминологиялық қордағы әрбір термин қажетті қосымша ақпаратпен: атап айтқанда, терминнің мағынасының қандай екендігі, яғни ғылыми анықтамасы міндетті түрде беріле отырып, терминнің басқа да: ағылшын, француз, араб (парсы), орыс т.б. тілдердегі баламаларымен қатар, түркі тілдеріндегі баламаларының да қамтылуы маңызды болмақшы. Сол сияқты терминнің қысқаша формалары, қажетті синонимдері, терминнің қандай да бір ұлттық және (немесе) халықаралық стандарттар мен құжаттармен бекітілгені туралы мәліметтермен және т.б. қамтамасыз етілуге тиіс. Осы тұрғыдан, салалық және салаларалық терминологияның айқын да реттелген құрылымын жасау үшін сала мамандары мен лингвистердің алға қойылған міндеттерді бірлесе отырып, кешенді түрде жүргізген жұмыстары арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады деп есептеуге толық негіз бар.

## Пайдаланған әдебиеттер:

1. Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В. Н. Ярцева. – М.: Советская энциклопедия, 1990. - 685 с.
2. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1993, №1.
3. Айтбайұлы Ө. Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. Астана, 2002.

4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы, 2014, 281-468 бб.

5. Жұбаева О., Айдарбек Қ., Жонкешов Б. Терминдерді тіл жүйесіне бағындыру керек // «Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы», – Нұр-Сұлтан, 2019. – 82 бет.

7. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік/ жалпы ред. басқ. М.Б. Қасымбеков, жобаның ғыл.жет. А.Қ. Құсайынов. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясы, 2014. (Т.1: Физика және астрономия. – Алматы, 2014. - 388 б., Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Т.2: Математика. – Алматы, 2014. - 440 б., Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Т.5: Энергетика. – Алматы, 2014. - 442 б.).

Нұрқыз НҮРБАЕВА,

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты  
Лингвистика орталығының аға ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының магистрі

## ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛАР

Жаңа нарықтық қатынастардың қалыптасу процесі экономика ғылымының дамуына да әсер етеді. Соның нәтижесінде жаңа экономикалық терминдер пайда болады, ал оның қарқынды дамуы терминологияны біріздендіруге және регламенттеуге алып келеді. Бүкіл елде ғылыми терминологияны біріздендіру үшін арнайы терминологиялық комиссия құрылып, арнайы терминологиялық анықтамалықтар, сөздіктер, білім салалары бойынша тезаурустар басып шығарылады. Бұл аса қажетті әрі үлкен жұмыс, өйткені терминдерді қолдануды ретке келтірмей кейбір мәтіндерді түсіну қиын.

Экономика және қаржы терминологиясы кез келген тілдің термин жүйесінің маңызды бір бөлігі болып табылады. Экономикалық терминдерді берудің бірнеше негізгі тәсілі бар. Терминдерді аудару кезінде бастапқы тіл мен аударма тіліндегі ұғымдарды салыстыруда алшақтықтар туындайды. Көбіне бұл семантикалық деңгейде болады. Бір терминнің әртүрлі салада қолданылатындығы және әдетте, тиісті баламаны табу үшін мәтінді талдау және қосымша ақпарат көздерін іздеу қажет болатыны аударманың қиындығы болып табылады. Негізінде бір термин бір мағына береді. Алайда таза терминдер өте сирек кездеседі. Көбінесе термин сөз бірнеше мағынаға ие.

Термин – белгілі бір арнаулы саладағы ұғымды білдіретін сөз немесе тіркес. Сондықтан әр терминнің спецификасы ғылыми стильдегі мәтіндермен жұмыс істеу кезінде байқалады. ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы» еңбегінде терминге қойылатын мынадай талаптарды атап көрсетеді:

1. Терминнің бірмағыналылығы (однозначность термина).

2. Терминнің ықшамдылығы (краткость термина).
3. Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі (соответствие словообразовательным законам языка).
4. Тілдік нормаға сәйкес келуі (соответствие нормам языка).
5. Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы (derivационная способность термина).
6. Терминде эмоционалдықтың болмауы (отсутствие эмоциональности).
7. Эстетикалық талаптарға сай келуі (соответствие эстетическим требованиям).
8. Терминнің қолданысқа енгендігі (внедренность термина).
9. Синонимдердің болмауы (отсутствие синонимов).
10. Инварианттылық (инвариантность).
11. Терминнің уәжділігі (мотивированность термина). [1, 500].

Дегенмен 2022 жылы Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының іргелі-қолданбалы зерттеу жұмысы аясында «терминком» сайтына орналас-тырылған экономика және қаржы терминдерін талдау, оның ішінде бекітілген нұсқаларына шолу жасау барысында кейбір терминдерді қалыптастыруда жоғарыда аталған талаптардың сақталмағаны анықталды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы «закладная» терминін (2006 ж.) де, «гарантийное письмо» терминін (2016 ж.) де «кепілхат» деп мақұлдаған. Осылайша бір арнаулы салада омоним терминдердің қалыптасуына жол берілген.

«Ущерб» термині 2016 жылы «материальный ущерб» деген тіркесте «зардап», 2017 жылы «угроза материального ущерба» деген тіркесте «залал», «страховой ущерб» деген тіркесте «зиян», 2018 жылы «вероятность ущерба» деген тіркесте «шығын» деп қолданылған, сондай-ақ аталған термин 2020 жылы «нұқсан» деп бекітілген. Бұл ретте «зиян» – «вред» терминіне, «шығын» – «затрата» терминіне балама болып табылатыны ескерілмеген, терминге қойылатын бірмағыналылық талабы сақталмаған. Жалпы, талдау жасалып отырған салада бұл термин «залал» деп қолданылуы қажет. Кейде тіркеске қарай «нұқсан»

нұсқасы да қолданылады. Мәселен: наносить ущерб правам человека – адамның құқықтарына нұқсан келтіру.

«Надбавка» термині 2017 жылы «үстеме ақы» деген нұсқамен қатар «үстелім» деп бекітілген. Тіпті 2017 жылы бекітілген «оптовая надбавка» терминінде «үстелме» нұсқасы қолданылған. Ал қолданыстағы заңнама тілінде «үстемеақы» нұсқасы орныққан. Осы орайда қарастырылып отырған экономика және қаржы саласында «үстелме» деп қолданылған «накидка» термині де кездесетінін айта кету керек. Сондықтан терминнің синоним баламаларының аражігін ажыратып, нақтылап бекіту қажет деп ойлаймыз.

Қарастырылып отырған салада бұдан басқа синоним терминдерді де көптеп кездестіруге болады. Мәселен, ресми стильде және заң тілінде «заемщик» терминінің баламасы ретінде «қарыз алушы» сөзі кеңінен қолданылады. Бұл термин 2006 жылы «қарызгер, қарыз алушы, қарызданушы» деп үш нұсқада, кейіннен 2014 жылы «қарызалушы» деп біріккен сөз ретінде қайта бекітілген. Осылайша қандай мәтінде келсе де, кредит алу арқылы қарыз қаражаттарын алатын жеке немесе заңды тұлғаны білдіретін «заемщик» терминінің бірнеше нұсқада қолданылып, термин синонимдерінің қалыптасуына жол берілген.

Жалпы «терминдердің синонимиясы мәселесі, яғни бір ұғымды атау үшін бірнеше арнайы лексикалық бірліктерді қолдану – бүгінгі күнге дейін терминтанымның маңызды проблемаларының бірі. Терминтанушылар терминдердің синонимиясын терминнің мәні тұрғысынан қарастырады. Бұл ретте терминнің екіұшты табиғаты әлі де ғалымдардың терминологиядағы «синонимия» ұғымына бірыңғай түсінік беруіне мүмкіндік бермейді» [2].

Қазіргі тіл білімінде терминологиядағы синонимияға қатысты түрлі жеке пікірлер бар.

«Мамандар арасында А.Б. Шапиро сияқты «Термин сөздердің синонимдері болмайды. Ал дублет терминдер кездеседі» деп санайтындар да бар. Дегенмен терминологияда синонимдер болады дейтін пікірге ден қоятын ғалымдар жағы басым. Жалпы әзірге терминологияда синонимдердің болмайтындығы толық дәлелденбеген. Керісінше, кәсіби лексиканың бұл мәселесін әлі де тереңірек зерттеу қажет деп

ойлайтындар қатары қалың. Терминологиядағы бұл құбылысты зерттеген Г.Ф. Курышко (Явление синонимии в профессиональной лексике) мамандар мен оған арнайы тоқталған ғалымдар аз емес. Сонымен терминдердің синонимінің болуы ғылым тіліне, терминологияға тән емес, жат құбылыс деп саналғанымен, синоним терминдер сала тілінде ұшырасып жатады. Сала терминдерінің арасында синонимдердің ұшырасуы терминологияның кемшіліктерінің қатарына кіреді [3, 41].

Ал филология ғылымының докторы, профессор Өмірзақ Айтбайұлы: «термин дегеніміз, негізінен, арнайы ұғымдар, түсініктер атауы. Ол қандай ұғым, қандай мағына арқаласа да бір мәнді болуға тиіс. Олардың қатарында кездесетін көпмағыналылық, синонимдік нышандар мәтінде (тексте), сөйлеуде кездесіп қалғанмен, бұл қасиет оның негізгі табиғатына тән емес. Қолданыс барысы кейде термин табиғатына әсер етіп те жатуы мүмкін. Бірақ бұл жалпылық сипат алмауы тиіс», - дейді [4, 248].

Кез келген терминология саласы сол білім немесе қызмет саласы дамуымен бірге қалыптасып дамитындықтан, синонимия терминологияның бастапқы қалыптасуының кезеңіне ғана тән құбылыс. Дегенмен оның өзіне де шектеу болған жөн.

Қазақ тілінің терминжасам жүйесінде омоним терминдер де жеткілікті. Мәселен, «авизо» термині 2017 жылы «авизо», ал 2018 жылы «хабарлама (банк ісі)» деп бекітілген. Бұл термин қаржыға қатысты тақырыптарды талқылау кезінде жиі кездеседі. Оның мағынасы мән-мәтінге қарай өзгеріп отырады. Бұл ұғым коммерциялық, банктік және бухгалтерлік ортада қолданылады. Ави́зо жазбаша түрде жасалған ресми хабархатты білдіреді. Ол қандай да бір төлемдердің жасалғаны, жүктің жөнелтілгені туралы хабардар ету үшін пайдаланылады. Заңнамада «авизо» деген ұғым жоқ.

«Бухгалтериядағы терминология сол бір сөздің мағынасын нақты түсінуді қажет етеді, өйткені қателіктер немесе келіспеушіліктер күрделі мәселелерге әкелуі мүмкін. Бухгалтериядағы авизо – бұл белгілі бір ақша/тауар операциясының орындалғаны туралы хабарламаны білдіретін экономикалық термин. Шын мәнінде, бұл контрагенттер, банкттер, клиенттер арасындағы іскерлік байланыс. Ави́зо – итальян тілінен



(итал. avviso) шыққан, сөзбе-сөз аударғанда «хабарлама, хабархат» дегенді білдіреді. Бухгалтерия мен банк ісінде бұл хабарламаның өзі, бірақ ресми сипаттағы хабарлама.» [5]. Десек те, қазақ тілінің терминжасам жүйесінде «авизо» терминінің баламасы ретінде алынған «хабарлама» сөзі «уведомление» терминінің де баламасы екенін, яғни аталған терминдер омоним болып табылатынын ескеру қажет.

Бұған қоса терминологиялық базадан бірнеше рет бекітілген терминдерді де кездестіруге болады. Мәселен, «ассортимент» термині 2017 жылы «ассортимент, сұрыпталым», 2018 және 2021 жылдары «ассортимент» деп қайта бекітілген. Ал «концепция» термині 2018 жылы «тұжырымдама», «өзектеме» деп бекітіліп, тіпті 2016 жылдан 2019 жылға дейін түрлі тіркесте осы термин қарастырыла берген. «Персонал» термині 2018 жылы «персонал» деп 4 рет бекітілген («терминком» сайтында осылай көрсетілген). 2017 жылы бекітілген терминдер тізімінде «алимент» термині 2 рет (бірі бас әріппен, екіншісі кіші әріппен) кездеседі.

«Конфронтация» терминін терминологиялық комиссия жыл сайын, атап айтсақ, 2016 жылы «тайталас», 2017 жылы «текетірес», 2018 жылы «егес», «өштесу» деп бекіткен. Ал «рассрочка» термині 2017 жылы «мерзімін ұзарту» деп бекітілсе, ал 2018 жылы «рассрочка уплаты штрафов» деген терминде «айыппұлды бөліп-бөліп төлеу, айыппұлды бөліктеп төлеу» деп қолданылған. Бұдан терминдердің әлі нақтыланбағанын, сондай-ақ терминжасам жұмысында жүйеліліктің жоқтығын байқауға болады. Бұл көпмағыналықтың белең алуына алып келеді.

Терминдерге қойылатын талаптардың бірі – терминнің қолданысқа енгендігі, яғни терминді мамандардың, ғылыми қауымның қабылдауы немесе оның жаппай бірізді қолданылатындығы. Алайда бекітілген кейбір терминдердің бәрі бірден қолданысқа еніп кете бермейді. Мәселен, «амортизационное отчисление» термині 2006 жылы «тозымпұлдық аударым» деп бекітілген. Алайда термин өзектілігін жоғалтқан, тіпті бұл балама нормативтік құқықтық актілерде қолданылмайды. «Задаток» термині 2000 жылы «кепілақы», 2002 және 2003 жылдары «қарымжы» деп бекітілген. Бүгінде бұл балама да сирек қолданылады.

Қарастырылып отырған салада «арбитраж» термині «төрелік, арбитраж» нұсқасында берілген. Бұл терминнің заң саласындағы «төреліктен» басқа мағынасы бар. «Экономика мен қаржы саласында арбитраж деп екі немесе одан да көп нарықтағы бағаның айырмашылығынан түсетін пайданы пайдалану практикасы түсініледі. Түпкі мәні бағадағы айырмалар негізінде пайда алу мақсатында түрлі бағадағы мәмілелер жасауға саяды. Пайда тиісті нарықтардағы бағалар арасындағы айырманы білдіреді. Ғылыми ортада нарықтың кез келген жол берілетін жай-күйі кезінде және оң ақша ағыны кезінде, ең болмағанда, нарықтағы жағдайлардың бірінде ақша құралдары ағынының болмауын болжайтын мәміле арбитраж деп аталады. Терминнің қаржы құралдарымен, мәселен, облигациялармен, акциялармен, өндірістік қаржы құралдарымен, тауарлармен және валюталармен саудаға қатысы бар.» [6].

Сондай-ақ «арбитражер» термині де «төрелікші» деп алынған. Бұл термин арбитраждық операцияларға маманданған адамды білдіретіндіктен, қарастырылып отырған арнаулы салада «төрелікші» баламасы терминге балама бола алмайды.

Бұдан басқа экономика және қаржы саласының терминдеріне талдау жүргізу барысында термин сөздердің емлесіне қатысты қателерді байқадық. Мәселен, 2018 жылы бекітілген «антропоморфизм» термині қазақ тілінде «антропомор-физм» деп дефис арқылы берілген. Бұл сөздің қалай қос сөзге айналғаны қызығушылық тудырады. Сондай-ақ 2016 жылы бекітілген «индоссамент» термині қазақ тілінде «индосамент» деп орфографиялық қатемен жазылған.

Тағы да бір айта кететін жайт, экономика және қаржы саласында әлі өзінің баламасын таппаған немесе мақұлданбаған терминдер жетерлік. Мысалы: «челноки» термині «желқайықтар» деп берілген. Қазақ тілінің сөздіқорында бұл терминнің тура мағынасы ғана көрсетіліп, «керулі желкендерге әсер ететін жел күшімен қозғалатын қайық; желкенді қайық» деп анықтама берілген [7]. Негізі экономика және қаржы саласында «челноки» термині көпшілік тұтынатын тауарларды шетелдік арзан базарлардан көтере сатып алып, ұсақ көтерме сауда және бөлшек сауда базарларына жеткізетін саудагер, алып-сатарды білдіреді [8]. Демек «желқайық» сөзі бұл салада терминнің баламасы бола алмайды.

Сондықтан сала мамандарын тарта отырып, терминді қарастыру қажет.

Бұған қоса бүгінгі күні «төлем, төлеу» деп қолданылып жүрген «уплата», «вылата», «оплата», «плата» терминдерінің, сондай-ақ нақты баламасын таба алмай жүрген «издержка», «потеря», «накидка», «завоз», «оброк», «обсчет», «приток», «отток», «подъемный», «недопоставка» және «сдача» терминдерін қайта қарап, пысықтау керек. Сонымен қатар жоғарыда айтылған жағдайларды түзету үшін терминологияны лингвистикалық деңгейде жүйелеу және жіктеу қажет деп ойлаймыз.

Қорыта келе, мынадай тұжырым жасауға болады: экономика және қаржы саласы күн сайын толығып отырады. Экономикалық процестер жоғарғы жылдамдықпен болып жатқандықтан, тіл иесі меңгеріп үлгере алмай жатқан терминдер де бар. Сала қызметі одан әрі дами түссе, оның терминологиялық қоры ұлғая беретіні сөзсіз. Сондықтан аталған сала терминологиясын жүйелеу және кешенді зерттеу, негізгі терминологиялық бірліктері мен қорын анықтай отырып, даму, қалыптасу заңдылықтарын айқындау, осы салаға қатысты бүкіл терминологиялық бірліктерді қамтитын терминографиялық еңбек дайындау қажет деп есептейміз.

Экономика және қаржы терминологиясын жүйелей отырып, терминдерді бірізді қолдану және көпнұсқалылықты барынша азайту, мүмкіндігінше синонимия және омонимияны болдырмау керек деп пайымдаймыз.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «Сардар», 2014. - 928+16 жапсырма бет.

2. Е.Н. Таранова, Ж.А. Бубырева, А.О. Таранов. Проблема синонимии в специальной терминологии. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-sinonimii-v-spetsialnoy-terminologii/viewer> (қаралған күні: 12.01.2023 ж.).

3. Шерубай Құрманбайұлы. Терминологияны біріздендірудің ғылыми-әдістемелік негіздері. Ғылыми-әдістемелік құрал. – 88 бет.

4. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 400 бет.

5. Что означает авизо в бухгалтерии: использование и назначение термина. URL: <https://papinian.com/finansovoe/chto-oznachaet-avizo-v-buhgalterii-ispolzovanie-i-naznachenie-termina.html> (қаралған күні: 12.01.2023 ж.).

А.А. Суэтин. Техника арбитража на финансовых рынках. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tehnika-arbitrazha-na-finansovyh-rynках/viewer> (қаралған күні: 14.01.2023 ж.).

Sozdikqor.kz порталы. URL: <https://sozdikqor.kz/search?q=желқайық>-<https://sozdikqor.kz/search?q=желқайық> (қаралған күні: 15.01.2023 ж.).

Экономическая энциклопедия. URL: <https://vocable.ru/termin/chelnoki.html> (қаралған күні: 15.01.2023 ж.).

## МАЗМҰНЫ

### РЕСМИЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ  
МҮШЕЛЕРІ..... 5

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ  
2023 ЖЫЛҒЫ 2 МАУСЫМДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА БЕКІТІЛГЕН  
ТЕРМИНДЕР..... 8

### МҰРА

ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ СИЕЗІНДЕ ЕЛДЕС  
ОМАРҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚША ПӘН СӨЗДЕР ТАҚЫРЫПТЫ  
БАЯНДАМАСЫ..... 36

### ТІЛ – ТАРИХ

*Қ.Тұрсын.* Ұлттық тіл білімінің негізін қалаушы..... 44

*С.Құлманов.* Қуғын-сүргін кезеңіне қатысты терминдердің  
қолданысы..... 51

### КӨКЕЙКЕСТІ

*С.Ерғали.* Аударма – тілдің алтын көпірі..... 65

*А.Маухара.* Терминсөз яки жасамсөз..... 68

*Е.Шалқар.* Түрік тіліндегі «ал» түсінің қолданысы..... 72

### МӘСЕЛЕ

*Қ.Сапаров.* Мемлекеттік тілде география ғылымын  
терминдендіру мәселелері..... 79

*Г.Ақылбекова.* Ұлттық терминқор қалыптастыру, жүйелеу,  
реттеу, біріздендіруге қатысты кейбір мәселелер..... 87

*Н.Нұрбаева.* Экономика және қаржы терминологиясындағы  
проблемалар..... 101

**РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ**  
Авторлардың стилі,  
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық  
ғылыми-практикалық орталығында  
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ш. Құрманбайұлы**  
Жауапты шығарушы **С. Әбілмәжін**  
Корректор **А.Балташева**  
Дизайнын жасап, электрондық нұсқасын дайындаған  
**С. Баубек**

***Редакцияның мекенжайы:***

Қазақстан Республикасы  
010000, Астана қаласы,  
Сығанақ көшесі, 43,  
Тел.: 8 (7172) 27-30-43  
[info@tilqazyna.kz](mailto:info@tilqazyna.kz)

Беттеуге берілген күні 15.08.2023 ж.  
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 21.08.2023 ж.  
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 9.0